№30 (315).
17 қараша,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен
жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы





«ЕШНӘРСЕНІ ЖАСЫРМАЙ, БАРЛЫҒЫН ХАЛЫҚҚА АШЫҚ КӨРСЕТІП ОТЫРАМЫЗ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл отырысында жасаған мәлімдемесі

Кеше еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазақстан темір жолы» компаниясы басшыларының ұсталғаны туралы мәлімет таратты. Ашығын айтқанда, бұл – мемлекеттік компанияларда жемқорлық белең алғанын көрсететін аса күрделі жағдай.

Жалпы, заң бойынша тергеу мәселелерін жариялауға немесе ашып көрсетуге болмайды. Оның үстіне тергеу жұмысы да енді басталды.

Алайда қазірдің өзінде мына нәрсені анық айтуға болады: бұл – біз «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасын жариялап, оны Конституциямызда мемлекеттік басқару мен қоғам өмірінің басты қағидаты ретінде бекіткелі бері біртұтас жүйеге келтіретін мемлекеттік компанияларда болып тұрған сыбайлас жемқорлыққа қатысты алғашқы ірі іс.

Еліміздің Конституциясы 15 наурызда жалпыұлттық референдум кезінде бірауыздан қабылданды, 1 шілде күні заңды күшіне енді. Осылайша, мемлекетіміздің бас құжаты әділетті түрде «Халық Конституциясы» деп аталды.

Конституцияның ережелері мен баптарын бұзуға, халқымыздың осы қасиетті құжатын келемеж жасауға, кемсітушілік көрсетуге ешкімнің де хақы жоқ.

Конституция – мемлекетіміздің негізгі заңы, бұл – халқымыздың құқықтық төлқұжаты. Сондықтан Конституцияны күлкі қылу, оның негізгі ережелерін менсінбеу халқымызды кемсітумен бірдей. Ондай әрекет жасағандар «Заң мен Тәртіп» қағидатына сәйкес қатаң түрде жазаға тартылатын болады.

Мәселе мемлекетіміздің абыройы, қоғамның ұлттық институттарға деген сенімі, Қазақстанның халықаралық беделі туралы болғанда біз, халық билік ету өкілдігін берген тұлғалар, ұлт мүддесін қорғау жолында аянбай еңбек етуіміз керек, сол үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Бұл – азаматтық және саяси борышымыз.

2-бетте »

ХАЛЫҚТЫ ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛТКЕН

Абай облысындағы «Аягөз – Тарбағатай» бағытындағы жол толық жаңартылып, пайдалануға берілді

Абай облысында көптен бері тұрғындар тарапынан көтеріліп келген «Аягөз – Тарбағатай» бағытындағы автомобиль жолы салтанатты түрде ашылды. Республикалық маңызы бар «Қарағанды – Аягөз – Тарбағатай – Боғас» автожолының «Аягөз – Тарбағатай» учаскесінің орташа жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Жергілікті халық бұл істің жүзеге асырылуын ұзақ жылдар күткен еді.



Жолдың ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Берік Уәли тұрғындарды құттықтап, күре жолдың халық үшін маңызын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру, транзиттік бағыттарды дамыту және сапалы автожол инфрақұрылымын құру мәселесіне ерекше назар аударды. Былтыр желтоқсан айында Тарбағатай ауылына келгенімде тұрғындар осы жолдың мәселесін айтқан болатын. Жөндейміз деп халыққа уәде берген болатынбыз. Көлік министрлігімен, «Қазавтожол» және облыс әкімдігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде бүгін осындай қуанышты жаңалыққа куә болып отырмыз. Халық арасында «Жол қадірін жүрген біледі» деген сөз бар. Бұған дейін екі сағат уақыт алатын «Аягөз – Тарбағатай» бағытындағы жолды енді 40 минутта еңсеру – жай ғана уақыт үнемдеу емес, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыратын, өңірлер арасындағы байланысты нығайтатын нақты нәтиже. Бұл жол тек Тарбағатай ауылының тұрғындарына ғана емес, ар жағындағы Ақсуаттың, Зайсан, Тарбағатай аудандарының тұрғындары жүретін негізгі жол. Сол себепті бұл Аягөз ауданы тұрғындарының ғана емес, көршілес аудандардағы халықтың да ортақ қуанышы», – деді Берік Уәли.

«Қарағанды – Аягөз – Тарбағатай – Боғас» автомобиль жолы 1978-1980 жылдары салынған. Абай облысы аумағындағы жалпы ұзындығы 618 шақырымды құрайды. Өткен жылы осы жолдың 15 шақырымына орташа жөндеу жүргізілді. Биыл бұл жұмыс жүйелі түрде жалғасын тауып, 66 шақырым жол толық жөндеуден өтті.

Жөндеу барысында жолдың негізі нығайтылып, жаңа асфальтбетон жабыны төселді. Жол жиектері ретке келтіріліп, су өткізу құрылыстары мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін инфрақұрылым жаңартылды.

Жекелеген учаскелерде аялдау алаңдары, жолаушыларға арналған павильондар, жарықтандыру жүйесі және санитариялық нысан қарастырылды.

Ауыл тұрғындары жолдың ашылуына ризашылықтарын жеткізді.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында айтқан басты саланың бірі көлік логистикасы болатын. «Аягөз-Тарбағатай» бағытындағы жолдың жөнделіп, ашылғанына қуанышымыз. Өйткені, біз бұл жолдың бейнетін көп көрдік. Жолымыз осы кезге дейін әр жерінде бір жөндеу көргенімен тұтастай жаңғыртылған емес. Жол тозған соң Ақсуат, Зайсан, Ақжар бағытындағы жолаушылар автобустары Жарма ауданы арқылы айналып өткен кездер де болды. Сапалы жол халықтың қалаға көшпей бір жерде тұрақтап тұруына да себепкер болары сөзсіз. Сондықтан айтар алғысымыз шексіз», – дейді Тарбағатай ауылының тұрғыны Ардақ Сіләмбаев.

Өңірде жергілікті маңызы бар жолдарды жаңарту жұмыстары да жалғасуда. Қазіргі уақытта жалпы ұзындығы 212,6 шақырым автомобиль жолында орташа жөндеу жүргізіліп жатыр. Оның ішінде облыстық маңызы бар үш учаскедегі 41 шақырым, аудандық маңызы бар тоғыз учаскедегі 91,4 шақырым жол және 20 елді мекендегі жалпы ұзындығы 80,2 шақырым болатын 80 көше қамтылған.

Жалпы, Абай облысы әкімінің тікелей қадағалауымен аймақтағы алыс елді мекендердің жолдары мақсаткерлікпен ұдайы жөндеулерден өтіп келеді. Ал бірқатар елді мекендерге жаңадан жол салу да тұрақты назарда тұр. Сондықтан осы стратегиялық маңызы бар ауқымды жұмыстарды жүргізуде халыққа табанды қызмет атқарып жатқан облыс әкімі Берік Уәли мен сала мамандарына сәттілік тілейміз

Мұратбек БАЛҚЫБЕКҰЛЫ,
Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі



коллаж: bairaqmedia.kz

ЖАҚЫПОВ ПЕН ОТЫНШИЕВТІ НЕ БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ:

ДОЛЛАРҒА ТОЛЫ ЧЕМОДАНДАРДЫҢ ҚҰПИЯСЫ АШЫЛА МА?

Астанада тұрғын үй кешенінің жанынан табылған доллар купюралары, әлеуметтік желіде тараған бейнежазбалар және елдегі екі ірі ұлттық компания басшысының ұсталуы қоғам назарын аударды. 12 қарашада Ұлттық қауіпсіздік комитеті «Самұрық-Қазына» қорының басшысы Нұрлан Жақыпов пен «Қазақстан темір жолы» компаниясының басқарма төрағасы Елжас Отыншиевтің ұсталғанын ресми растады, деп хабарлады Bairaqmedia.kz.

БӘРІ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

Алдымен әлеуметтік желілерде Астанадағы Қонаев көшесінде орналасқан Atlant-6 тұрғын үй кешенінің маңынан табылған чемодандар мен жерге шашылған АҚШ долларына ұқсас банкноттардың бейнежазбасы тарады. Оқиға орнына полиция қызметкерлері барған. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, аталған жерде ұстау шараларын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері жүргізген.

Көп ұзамай журналистер мен Telegram-арналарда ірі ұлттық компаниялардың басшылары ұсталғаны туралы ақпарат пайда болды. Кейбір ақпарат құралдары бұл оқиғаны тұрғын үй кешенінің маңынан табылған ақшамен байланыстырды. Алайда чемодандардағы қаражаттың кімге тиесілі екені және оның басшыларға қатысты тергеуге қатысы бар-жоғы ресми түрде расталған жоқ.

2-бетте »



ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ, АТАҚТЫ АБАЙТАНУШЫ, ҚАРЫМДЫ ҚАЙРАТКЕР

Қайым Мұхамедханұлының ғылыми мұрасы ЕҰУ-де талқыланды

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде көрнекті ғалым, абайтанушы, жазушы және қоғам қайраткері Қайым Мұхамедханұлының туғанына 110 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. «Көкейкесті әдебиеттану: поэтика, жанр, стиль және Қайым Мұхамедханұлының ғылыми мұрасы» тақырыбындағы алқалы жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстан, АҚШ, Татарстан мен Өзбекстанның ғалымдары, әдебиеттанушылар, жоғары оқу орындарының оқытушылары және жас зерттеушілер қатысты.

3-бетте »

(Соңы. Басы 1-бетте).



«Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқарады, ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асырады, аса ірі шетелдік компаниялармен және халықаралық қаржы институттарымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Түптеп келгенде, кез келген келісімнің, серіктестіктің артында ұзақ жылдар бойы жасалатын көптеген келіссөздер, соның ішінде халықаралық қауымдастықтың елімізге деген үлкен сенімі мен мемлекетімізге жүктелген нақты міндеттер тұрады.

Тек соңғы үш жылдың ішінде, яғни

“ЕШНӘРСЕНІ ЖАСЫРМАЙ, БАРЛЫҒЫН ХАЛЫҚҚА АШЫҚ КӨРСЕТІП ОТЫРАМЫЗ”

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл отырысында жасаған мәлімдемесі

2023 және 2025 жылдар аралығында 3 168 сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық анықталды, соның ішінде 2 165 құқық бұзушылықты мемлекеттік қызметшілер жасаған, ал қалғанын басқа да тұлғалар, атап айтқанда, квазимемлекеттік сектор қызметшілері жасаған. Жалпы сомасы 248 миллиард теңгеден асады.

Осы жылдың он айы ішінде 751 сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық-бұзушылық жасалған, соның 546-сын – мемлекеттік қызметшілер, ал 205-ін өзге де тұлғалар жасаған, соның ішінде квазимемлекеттік сектор қызметшілері де бар.

Осы статистикадан көріп отырғанымыздай, еліміздегі сыбайлас жемқорлық ахуалы күрделі болып тұр. Бірақ біз ешнәрсені де жасырмаймыз, басын құмға тыққан страустың кейпіне түспейміз. Біз осы саладағы мәселенің бәрін ашық айтамыз, жемқорлықты жою үшін қабылданған және қабылданатын шаралар туралы да ешнәрсені жасырмай, барлығын халыққа ашық көрсетіп отырамыз.

Сол себепті түрлі деңгейдегі басшылардың жымқыруға қатысты құқық бұзушылықтарын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі Бас прокуратурамен бірге жедел және жіті тексереді.

«Өзіміздікі» және «Өзіміздікі емес», тіпті «бөтен» деп бөлуге мүлде жол берілмейді. Өйткені Конституцияда заң мен сот алдында бәрі тең екені анық жазылды. Біз бәріміз де осы заңға бағынуымыз керек.

Жоғары лауазымға ие болу – әрқашан және әрдайым жүктелетін жоғары жауапкершілікті дұрыс түсіну деген сөз. Қоғамымызда атқаратын лауазымына, сіңірген еңбегіне не болмаса тамыр-таныстарына, соның ішінде туыстық байланыстарына қарамастан, ешкім де заңнан аттап кете алмайды. Бұл – мен үшін мызғымайтын, яғни өзгермейтін ұстаным. Соңғы кезде біз кейбір келісімдер мен шарттарды қайта қарадық. Менің-ше, оларға қол қою қате шешім болған.

Бірақ биліктің кәсіпкерлерге кедергілер, тосқауылдар жасайтын ойы да, ниеті де жоқ. Керісінше, біз оларға әрдайым жан-жақты қолдау көрсетіп жатырмыз және алдағы уақытта да солай болады.

Бәріңіз де білесіздер, мен келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын кәсіпкерлікті тексеруге арналған тағы бір үш жылдық мораторий жариялау туралы тапсырмамды бердім. Елімізде біртіндеп орнығып жатқан «Заң мен Тәртіп» құқықтық стратегиясының түпкі мәні де – осы: әділеттілік қағидатына және заң талаптарына сай көмекке мұқтаж адамдарға, сондай-ақ кәсіпорындарға қолдау көрсету.

Жағдай қаншалықты күрделі болса да «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының аппараты мен мемлекеттік компаниялардың, соның ішінде «Қазақстан темір жолының» жұмысы тоқтап қалмайды, үздіксіз жүре береді. Мемлекеттік компанияларға қарасты барлық мекемелер қалыпты тәртіппен жұмыс істеп жатыр.

Жалпы, бұған ешқандай себеп те жоқ. Керісінше, жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан күрес инвесторлар мен несие берушілердің аталған институтқа деген сенімін арттырып, олардың мейлінше тиімді, ашық және жемісті жұмыс істеуіне мүмкіндік береді деп санаймын.

Бас прокуратура жалпы сомасы 1,3 триллион теңгеден асатын заңсыз иемденген активтерді қайтарғанын еске саламын. Бұл қаражат 466 әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанның құрылысына жұмсалды.

Қазіргі таңда 383 нысан, соның ішінде медициналық мекемелер, сумен жабдықтау желілері, мектептер, спорт кешендері салынып бітті. Жұмыс жалғаса береді.

Қалыптасқан жағдайға қарағанда, нысандар қаншалықты сапалы салынғанын тексеруге себеп бар сияқты. Өйткені нысандардың, соның ішінде жолдардың сапасы талапқа сай болмайтын жағдай жиі кездеседі.

Дегенмен осы оқиғаның өзі жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар мемлекеттік компаниялардың ең осал тұсы, яғни, басты дерті екенін айқын көрсетіп отыр.

Осы орайда, Үкімет пен бақылаушы органдар биыл 24 қарашаға дейін сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық-бұзушылықтарды барынша азайту, квазимемлекеттік сектордағы компаниялар мен олардың қызметкерлерінің жұмыс сапасын айтарлықтай жақсарту жөнінде маған ұсыныс берсін.

Өздеріңізге мәлім, қазір біз жаңа тарихи кезеңге қадам бастық. Енді бір орында тұрып қалуға, бұрынғы жетістіктерді місе тұтып, арқаны кеңге салуға хақымыз жоқ. Әділетті Қазақстанды құру ісінде жалқаулық пен селқостыққа бой алдыруға болмайды.

Ал сыбайлас жемқорлыққа батқан ниеті теріс кісілер – біздің қас жауымыз. Олар қазірдің өзінде «Халықтық құрылыс» бағдарламасын іске асыруға кедергі келтіріп, зиян тигізуді ойлап жүр. Біз бұған, әлбетте, ешқашан жол бермейміз.

Барлық әлеуметтік инфрақұрылым нысандары, соның ішінде жолдар, әуежайлар, емханалар, оңалту орталықтары, шығармашылық үйлері, мектептер мен спорт кешендері сапалы салынуы керек. Бұл – мүлтіксіз орындалуға тиіс талап.

Мемлекет қаржысының тиімді жұмсалуын арнайы мемлекеттік комиссия қадағалайды. Оның құрамы келесі аптаның басында жарияланады.

Осылайша, біз халықтың әл-ауқатын арттыруды және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін түпкі мақсатымызды жүзеге асыруды бастаймыз.

Осы істе Конституциямызда бекітілген Заң, Әділеттілік және Тәртіп қағидаттары айнымас темірқазығымыз болады. Әрине, бұл жол оңай болмайды. Тіпті түрлі қиындықтар да кездесетіні анық. Халқымыз «Жол мұраты – жету» деп бекер айтпаған. Сондықтан табандылық танытып, алға қойған мақсаттарымызға міндетті түрде қол жеткіземіз.

АҚПАРАТТЫ САУАТТЫ ЖЕТКІЗУ МӘДЕНИЕТІ МАҢЫЗДЫ

Бүгінгідей ақпарат ағыны селдей тасып, қоғамдық пікір сәт сайын құбылып тұрған алмағайып заманда билік пен бұқара арасындағы алтын көпірді берік ету — уақыт талабы. Осы орайда, рухани астана — Түркістан қаласындағы еңселі «Достық үйі» ғимаратында «Мемлекеттік коммуникация: масс-медиамен өзара іс-қимылдың құқықтық негіздері» атты тағылымды семинар-кеңес ұйымдастырылды. Бұл туралы Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі мәлімдеді.



Алқалы басқосуға облыстық басқарма басшылары, аудан және қала әкімдерінің орынбасарлары, ішкі саясат бөлімінің жетекшілері, сондай-ақ ақпарат майданының алғы шебінде жүрген аудан-басқармалардың баспасөз хатшылары түгелдей жиналды. Жиынның басты мақсаты — мемлекеттік қызметшілердің сөз саптау мәдениетін жетілдіру, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты заң аясында нығайту және қоғамға шынайы әрі уақтылы мағлұмат беру тетіктерін пысықтау.

Келелі кеңестің шымылдығын Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Жанар Бектаева ашып, қазіргі ақпараттық кеңістіктегі мемлекеттік органдардың ашықтығы мен жариялылығы туралы келелі ой қозғады. Басқарма басшысы өз сөзінде халыққа деректі сауатты әрі салиқалы жеткізу мәдениетінің маңыздылығына айрықша тоқталды.



Бүгінгі қоғам — ашықтық пен жеделдікті талап ететін қоғам. Мемлекеттік қызметшінің әрбір сөзі, әрбір баспасөз хабарламасы — мемлекеттің абыройы мен беделінің көрінісі. Сондықтан ел алдына шыққан әрбір басшы мен баспасөз өкілі кәсіби әдепті берік ұстанып, тіл тазалығы мен заң талаптарын тең ұштастыра білуі тиіс екендігін атап өтті Жанар Бектаева.

Жиын барысында елімізге белгілі медиасарапшы, білікті журналист Алмат Садуақас арнайы баяндама жасап, сала мамандарына құнды дәріс оқыды. Сарапшы өз сөзінде мемлекеттік орган басшыларының кәсіби әдеп нормалары, ақпаратқа қол жеткізудің құқықтық негіздері және журналистердің тосыннан қойылатын өткір сауалдарына мүдірмей, байыппен жауап беру тәртібін егжей-тегжейлі тарқатып берді. Сонымен қатар, күтпеген ақпараттық дағдарыс жағдайында сасқалақтамай, нақты іс-қимыл алгоритмдері бойынша әрекет ету жолдарын нақты мысалдармен көрсетті. Қатысушылар көкейлерінде жүрген түйткілді сауалдарын ортаға салып, тәжірибелі маманнан тұщымды жауаптар алды.

Басқосудың екінші бөлімі тәжірибелік бағытта өрбіді. Бұл кезеңде кәсіби мобилограф, заманауи фото және бейнеконтент жасау ісінің шебері Гүлшат Қырқынбай баспасөз хатшыларына сапалы бейне өнім дайындаудың қырсырын үйретті. Бүгінгі таңда оқырман мен көрерменнің назарын аудару үшін мәтінмен қатар, көз тартарлық визуалды дүниелердің де маңызы зор екені айтылды.

Семинар соңында тыңдаушылар еркін пікір алмасу алаңында бас қосып, сауатты контент әзірлеу, мемлекеттік органдардың бұқарамен тиімді байланыс орнатуы және ақпараттық кеңістікте жауапты әрі парасатты ұстаным қалыптастыру мәселелерін кеңінен талқылады. Жиын қатысушылары мұндай тағылымды басқосулардың кәсіби біліктілікті арттыруға тигізер септігі мол екенін жеткізіп, ризашылықтарын білдірді.

ЖАҚЫПОВ ПЕН ОТЫНШИЕВТІ НЕ БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ:
ДОЛЛАРҒА ТОЛЫ ЧЕМОДАНДАРДЫҢ ҚҰПИЯСЫ АШЫЛА МА?

(Соңы. Басы 1-бетте).



Суретті ЖИ жасаған

ҰҚК екі басшының ұсталғанын растады

12 қарашада Ұлттық қауіпсіздік комитеті ресми мәлімдеме жасап, 11 қараша күні Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі Нұрлан Жақыпов пен Елжас Отыншиевті, сондай-ақ басқа да тұлғаларды ұстағанын хабарлады. Олар сыбайлас жемқорлық қылмысын жасады деген күдікке ілінген.

«Істің барлық мән-жайын анықтауға бағытталған тергеу әрекеттері жүргізілуде. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысына қатысты өзге ақпарат Қылмыстық-процестік кодекстің 201-бабына сәйкес жария етілмейді», – делінген ҰҚК мәлімдемесінде.

Кейбір басылымдар істің аса ірі көлемде пара алуға оқталуға қатысты болуы мүмкін екенін жазды. Дегенмен ҰҚК жариялаған мәлімдемеде нақты қылмыстық бап пен қаражат көлемі көрсетілмеген.

Оқиғалар хронологиясы

1. 12 қараша, таңғы уақыт: Әлеуметтік желілерде Астанадағы тұрғын үй кешенінің маңынан табылған чемодандар мен шашылған банкноттардың видеосы талқыланды. БАҚ-та ұлттық компания басшыларының ұсталуы туралы алғашқы бейресми хабарлар тарады.

2. 12 қараша, сағат 10:34: ҚТЖ басшысы Елжас Отыншиевтің ұсталғаны туралы жазылды.

3. 12 қараша, сағат 11:11–11:20: БАҚ Нұрлан Жақыповтың да ұсталғанын хабарлады. «Самұрық-Қазына» баспасөз қызметі ресми органдардан ақпарат түскенше пікір білдіруден бас тартты.

4. 12 қараша, түске қарай: ҰҚК екі басшының да ұсталғанын ресми растады. Тергеудің өзге мәліметтері жарияланбады.

Нұрлан Жақыпов кім?

1978 жылғы 31 наурызда дүниеге келген. Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында білім алған. 2023 жылғы сәуірде «Самұрық-Қазына» қорының басқарма төрағасы болып тағайындалған. Жақыпов еңбек жолында Credit Suisse, Royal Bank of Scotland, UBS және Rothschild & Co секілді халықаралық қаржы ұйымдарында жұмыс істеген. Сондай-ақ «Тау-Кен Самұрық», «Қазатомөнеркәсіп», «Астана» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы және Kazakhstan Investment Development Fund құрылымдарында басшылық қызметтер атқарған. ***«Самұрық-Қазына» қорын үш жылдан астам уақыт басқарған*** ол елдегі ірі мемлекеттік активтерге жауапты басшылардың бірі болды.

Елжас Отыншиев кім және ҚТЖ-ға қашан келді?

1987 жылғы 1 сәуірде дүниеге келген. Мәскеу физика-техникалық институтын тәмамдаған. 2026 жылғы 20 шілдеде ҚТЖ басқарма төрағасы болып тағайындалған. Отыншиев еңбек жолын 2007 жылы Ernst & Young компаниясында бастаған. Кейін «Тау-Кен Самұрық» пен «Самұрық-Қазына» құрылымдарында инвестиция және активтерді басқару саласында жұмыс істеді. 2023-2026 жылдары «Самұрық-Қазына» қорында стратегия және активтерді басқару бағытындағы жоғары лауазымдарды атқарды. Ал 2026 жылғы шілдеде қор басқармасының шешімімен ҚТЖ басшылығына келді. Осылайша, ол ұлттық теміржол компаниясын ***басқарғанына төрт ай да толмай жатып ұсталды***.

Екі басшыны не байланыстырады?

Нұрлан Жақыпов пен Елжас Отыншиевтің еңбек жолында ортақ тұстар бар. Екеуі де инвестициялық және қаржылық басқару саласында тәжірибе жинаған. Отыншиев ҚТЖ-ға тағайындалғанға дейін Жақыпов басқаратын «Самұрық-Қазына» қорында жоғары лауазымды қызмет атқарған. Бұдан бөлек, ҚТЖ «Самұрық-Қазына» қорының компаниялар тобына кіреді. Демек, олардың қызметтік жолдары бір корпоративтік басқару жүйесінде тоғысқан. Алайда бұл байланыстар олардың қылмыстық іске қатысы бар екенін дәлелдемейді. Сонымен қатар екі шенеуік те Мәскеу қаласында білім алған.

Жауапсыз қалған сұрақтар

Қазір қоғамды бірнеше мәселе қызықтырады: екі басшы нақты қандай әрекетке байланысты күдікке ілінді, іс бойынша қанша адам ұсталды, қандай қаражат туралы сөз болып отыр және Астанада табылған чемодандардың бұл тергеуге қатысы бар ма? Бұл сұрақтарға әзірге ресми жауап жоқ.

adilet-gazeti.kz

● ШҮКІРШІЛІК ШТРИХТАРЫ

ӨМІР ДЕГЕН – ШАХМАТТЫҢ ТАҚТАСЫ...

(Алашқа танымал Асанәлі)



Ол отыз жеті жасында біздің Қаратереңге келді. Жалпы, сол жылдарда әртісің бар, ақының бар, жазушың бар, әйтеуір Аралға жолы түскен жақсы мен жайсаңның қай-қайсысы да теңіз қолтығына тығылып жатқан момақан аулымызға бір соқпай өтпейтін. Еті тірі жігіттер елге келген қонаққа қонышы қара санды қабатын резеңке етік кигізіп, моторлы қайыққа мінгізіп, көк айдынның төсін тілгілеп бара жатар еді. Теңізді көрдік деп олар мәз, тектіні көрдік деп біз мәз. Асанәліні де қонақжай қаратереңдіктер сол дәстүрлі жолмен қыдыртты. Дарияға сүңгітті, теңізге шығарды. Қабаданмен балық аулап, қарма пісіріп берді. Сол күні жел теңізден соғып тұрды. Мұндайда әншейінде төбесінен тоқпақтап ұрып, тұтқасын кемпірауызбен бұрап, каналдан каналға ауыстырып жататын тұмса телевизорымыз зорлық қылмай-ақ жақсы көрсетеді. Өзі жатқан үйдегі көгілдір экранды қарап отырған Асекең Қаратереңнің бүкіл телевизоры үнемі осылай судай көрсетеді екен деп ойлап қалды. Ол сол тұста ауылда небәрі он-ақ телевизор бар екенін қайдан білсін?!

Кешке тайлы-таяғымызбен төбесі ашық жазғы клубқа жас актер Асанәлі Әшімовпен кездесуге бардық. Қасында өнердің босағасынан енді ғана аттаған жерлесіміз, жап-жас әртіс Құдайберген Сұлтанбаев жүрді. Негізі, Арал аймағына бұлармен бірге Құман Тастанбеков пен Меруерт Өтекешова да келіпті. Ол екеуі аудан орталығында қалыпты. «Көрермендермен кездесуде Меруерт пен Құман «Қыз Жібек» фильміндегі киімдерін киіп отырыпты. Мына Бекежанға алаңдағанша, сонда баруымыз керек еді», – деп желдей есті Қаратереңнің ақпарат министрінің міндетін қиналмай атқара беретін менің қадірлі жеңешелерім.

Содан Асанәлі ағам кеңінен көсілді. Киноның сан түрлі құпиясын армансыз ақтарды-ай келіп. «Қыз Жібектің» қызықтары мен шыжықтары бірінен-бірі өтеді. Ғажайып фильмге қапысыз сенген басым, Бекежанға еріп келгендердің өз аузынан «Төлегеннің киімінің ішіне, жауырын тұсына екі елі тақтай салып қойып, жебені соған қададық қой» дегенді естігенде жүдә біртүрлі болдым. Жәмән боп қалады екенсің. Оның үстіне фильм түсіру барысында Бекежан – Асанәлі Төлеген – Құманды байқаусызда шынымен де жазым ете жаздаған сияқты. Ашығын айтсам, Асанәліден гөрі өзімнің Құманға бүйрегім көбірек бұратын еді. «Ойпырмай, не болды екен, өлтірді-ау, абайламағаны несі?!», – деп қапаландық та отырдық. Артынша Асекең «Атаманның ажалы» фильмінің түсірілімінде өзі де суға кетіп қала жаздағанын айтқанда, адам баласынан ықпайтын Бекежанға деген аяушылық сезіміміз оянды. Кездесу үстінде «Қыз Жібек» жырын жата-жастанып оқыған біздің әкей орнынан тұрды да, «Осы кітаби нұсқадағы Төлегеннің інісі Сансызбайды фильмге қосуға болмады ма?», – деп тосындау сұрақ қойды. Яғни, Асекеңнің құрдасы, біздің шақар шал аздап бүйректен сирақ шығарды. Өр мінез Асанәліептеген кеңестік ұстаныммен қатқылдау жауап берді: «Сіз не айтып тұрсыз өзі? Ертең шетелдіктерге қазақтар қайтыс болған ағасының әйелін ала берген деп көрсетеміз бе?», – деп бір қайырды. Әншейінде мәселе дәл осылай қойылған кезде шытыр ете қалатын әкей бұл жолы елдің бәрін таң қалдырып, адам айтқысыз ұстамдылық танытты. Балпаңдап басып барып орнына жайғасты.

Содан бері көп жыл өтті. Асанәлі Әшімовпен аратұра жұмыс барысында жүздесіп қаламыз. Бірақ қоянқолтық араласудың сәті түсе қоймапты. Сондықтан оған баяғы Қаратерең сапары туралы айтудың да реті келмеді. Тек бүгін Шүкір Шахайдың қазыналы қоржынынан алпамсадай Асекеңнің шахмат тақтасына үңіліп, бір пешканы қозғайын деп, ойланып отырған ғаламат суретін көріп, баяғы балалық шағымдағы, яғни өзімнің де «пешка» кезімдегі оқиғалар көз алдыма тізбектеліп келе қалғаны... Өмір деген – шахматтың тақтасы... Ойнаса, мәтр ойнасын оны...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ, АТАҚТЫ АБАЙТАНУШЫ, ҚАРЫМДЫ ҚАЙРАТКЕР

Қайым Мұхамедханұлының ғылыми мұрасы ЕҰУ-де талқыланды



(Соңы. Басы 1-бетте).

Конференцияны ашқан ЕҰУ Басқарма төрағасы – ректор Ерлан Сыдықов ғалымның қазақ руханияты мен абайтану ғылымын дамытуға қосқан үлесін атап өтті.

«Қайым Мұхамедханұлы – ғылыми ұстанымына адал болып, ұлттық мұраны зерттеуге ғұмырын арнаған көрнекті тұлға. Оның Абайдың ақындық мектебін зерделеу, әдеби мұраларды жинақтау және текстологиялық тұрғыдан саралау бағытындағы еңбектері бүгінгі ғылым үшін де құндылығын жоғалтқан жоқ. Ғалым мұрасын жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеп, жас ұрпаққа таныту – ортақ міндетіміз», – деді ректор.

Филология факультетінің деканы Серікзат Дүйсенғазы модераторлық еткен жиында жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай Қайым Мұхамедхановтың шындық пен әділет жолындағы табандылығы тарихи сананың қалыптасуына зор ықпал еткенін атап өтті. Оның айтуынша, әсіресе жас ұрпақ үшін шынайы деректерге негізделген тарихты білу маңызды. Өйткені жастар бүгінгі еркіндіктің қадірін түсініп, оның халқымызға оңайлықпен келмегенін терең сезінуі тиіс.

«Қайым Мұхамедханов қуғын-сүргінге ұшырап, есімі ұмытыла бастаған тұлғалардың фотосуреттерін, жазба мұралары мен шығармашылық еңбектерін жинап, сақтап қалды. Осылайша тарихи шындық пен ұлттық мұраны кейінгі ұрпаққа аман жеткізді», – деді ғалым.

Пленарлық мәжілісте академик Ғарифолла Есім және әдебиетші-ғалым Балтабай Әбдіғазы көрнекті ғалым, кемеңгер ұстаз туралы ой толғаса, ЕҰУ-дың «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры Жандос Әубәкір абайтанудағы ғылыми сабақтастықты саралады, ал Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сауытбек Абдрахманов, профессор Дина Мұхамедхан, тағы басқа алыс-жақыннан келген қатысушылар қайымтанудың өзекті міндеттерін айқындап, ғалым еңбектерін жүйелі әрі кешенді зерттеудің маңызын атап өтті.

Монтана (АҚШ) университетінің профессоры Андреа Вернон өзінің бейнебаяндамасында Қайым Мұхамедханұлының ғибратты өмірі мен рухани мұрасының халықаралық маңызына баға берді.

«Ол тарихтың аса күрделі кезеңінде қайсарлық пен көшбасшылықтың жарқын үлгісін көрсетті. Ғалымның әлеуметтік әділеттілікке, шындық пен адам құқықтарына адалдығы бүгінге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қуғын-сүргінге ұшырап, есімдері ұмытыла бастаған тұлғалардың фотосуреттерін, жазба мұралары мен шығармашылық еңбектерін сақтап, тарихи шындық пен ұлттық мұраны кейінгі ұрпаққа аман жеткізді», – деді американдық профессор.

Конференцияда Қайым Мұхамедханұлының абайтану, әдебиет тарихы, аударматану және мәтінтану салаларындағы еңбектері жан-жақты талқыланды. Қатысушылар ғалым мұрасын цифрландыру, архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізу және еңбектерін халықаралық академиялық кеңістікте кеңінен насихаттау жөнінде ұсыныстар айтты.

Ғылыми басқосу әдебиеттану, абайтану, алаштану, ұлттық тарих, түркітану, салыстырмалы әдебиеттану және заманауи гуманитарлық ғылымдар бағыттары бойынша бес секцияда жалғасты.

Атақты абайтанушы ғалымның асыл мұрасы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда жан-жақты талқылану арқылы осында келіп қатысқан жүздеген студенттер мен магистранттардың ерекше қызығушылығын тудырды. Келешекте қазақ ғылымының біртуар тұлғасы Қайым Мұхамедханұлының еңбектері заманауи технологиялар қолданыла отырып кеңінен насихатталса, оның еңбектері көптомдықтар форматында шығарылса нұр үстіне нұр болар еді.

Аймина ФАРХАД,
ЕҰУ-нің Журналистика және әлеуметтік ғылымдар Жоғары мектебінің студенті

АЛЛЕЯДАҒЫ «АЙДАһАР»

(Брюс Лидің бейнесі)

Жекпе-жек өнерінің жырынды жолбарыстарына жанасқысы келмейтін бала жоқ шығар. Тіпті төбелесіп қарық қылмайтындардың өзі соларды ерекше пір тұтады. Бәріміз де осы жолдан өттік. Біздің Қаратереңде де алмаға ат байлаған білекті һәм жүректі жігіттер көп еді. Алысқанын алып та, шалып та жығатын ардақты ағаларымның дақпырты құлаққа жетіп жататын. Бәрібір әлемдік деңгейде талассыз мойындалған сайыпқыран саңлақтардың жөні бөлек.



Жекпе-жек сырттандары дегенде көз алдымызға өзіміз әйгілі фильмдерден талай рет көрген біртуар Брюс Ли мен даңқты Джеки Чанның бейнесі келе қалатыны жасырын емес. Екеуі де – бүгінгі Қытайдың құрамындағы Гонконгтың топырағына тобығын қыздырып өскен жігіттер.

Сол ғажайып Гонконгқа табаны бір тиген адам дүние жүзіне белгілі Даңқ аллеясына (Avenue of Stars, 星光大道) соқпай кетпейді. Бұл аллея 2004 жылы салтанатты түрде ашылған. Онда Гонконг кинематографының отымен кіріп, күлімен шыққан әртістердің, режиссерлердің, сценарий жазушылардың және басқа өнер майталмандарының қайталанбас қолтаңбасы бәдізделіп, көкте жанған жұлдызы жерге таңбаланған. Аллея Гонконг аралы мен Коулун түбегінің арасындағы Виктория бухтасының жағалауына қоныс тепкен.

Мұнда келген жан аллеядағы жүзден астам жайсаңның жоғарыда жанған жұлдызын өз қолымен сипап көреді. Ал тура жағалауға жақын жерде Брюс Лидің ескерткіші қойылған. Басқаға ұқсамайтын Брюс жарықтық баршаға белгілі гаваньға қыр арқасын беріп тұр. Биіктігі – екі жарым метр. Сол баяғы жекпе-жекке тас-түйін дайындалған кейіп. Қарсыласымен әбжыланша арбасып, оңтайлы тұсты аңдып тұрған сәт. Енді бір мезетте шерідей ширығып, арыстандай атылмақ. Болмаса, тұғырды тастап, әрі қарай ырғып кетер ме екен дейсің. Ескерткіштің авторы – Цао Чунъэнь деген мүсінші. Бұл өнер туындысы 2005 жылы орнатылған. Содан бері талай өзгеріске түскенге ұқсайды. Себебі, ақпарат көздерінде оның әртүрлі суреті жарияланған. Бірінде – тұғыры осы күнгіден бөлектеу. Екіншісінде – шынжырмен қоршалған. Үшіншісінің жақтауы ауыстырылған. Біздің жариялап отырғанымыз – нақ қазіргі нұсқасы. Бірақ Брюстің тұрысы – сол тұрыс! Еңселі ескерткіш атақты актердің туғанына алпыс бес жыл толуына орай талантына табынушылардың бастамасымен тұғырға шыққан деседі. 2005 жылғы 27 қарашада, яғни Брюстің туған күнінде тұсау кесер рәсімі өткізіліпті. Ашылу салтанатына жекпе-жек шеберінің Роберт деген ағасы қатысқан көрінеді.

Жалпы, Брюс Лидің тағдыры да қызық. Ол әкешешесі Гонконгтен Америкаға сапарлап барған кезде сол елде дүниеге келіпті. Небәрі отыз екі жасында Гонконгте қайтыс болған. Ал өзі Американың Сиэтл қаласында жерленген. Брюс Лидің бұдан басқа мемлекетте де ескерткіші бар секілді. Тіпті сол туынды Гонконгтегі қола мүсіннен бұрын орнатылған деседі жұрт.

Брюс Лидің жас күніндегі лақап аты «Кішкентай айдаһар» екені айтылып та, жазылып та жүр. Міне, енді сол атақтылар аллеясындағы айдаһар айдыны мол жағалауға айбар беріп тұрғанын көрмейсің бе?! Бүкіл жігіт-желең дейсің бе, бозбала немесе қыз бала дейсің бе, бірі қалмай қол-аяғын тырбитып, Брюстің біртуар бейнесіне еліктеп, жаппай суретке түсіп жатыр. Ал Брюс болса, тым асқақ. Сәл күтсең, айналасында анталап жүрген өңшең өлермендерге тас төбесінен қарап тұрып, ұлы Абайша толғанып:

Мен боламын демеңдер,
Аяқты алшаң басқанға.
Екі көзің аларып,
Құр қарайсың аспанға, –

деп тепсіне тіл қататындай. Несі бар, тырбаңдаса тырбаңдай берсін... «Болмасаң да, ұқсап бақ» дегенді де айтқан сол Абай емес пе?!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ
(Астана – Шанхай – Гонконг – Астана)



МЕДИА САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МЕМОРАНДУМ

Астана қаласында Бас редакторлар клубы мен Түрік және қазақстандық кәсіпкерлер қауымдастығы (ТҮКІБ) арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжат екі елдің іскерлік ортасы мен медиа қауымдастығы арасындағы байланысты нығайтуға, ақпараттық ынтымақтастықты дамытуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Меморандумға Бас редакторлар клубының бірінші вице-президенті Мұратбек Тоқтағазин мен Түрік және қазақстандық кәсіпкерлер қауымдастығының (ТҮКІБ) Басқару кеңесінің төрағасы Хикмет Аталай қол қойды.

Келісім аясында тараптар Қазақстан мен Түркияның журналистері, редакторлары, медиа сарапшылары және кәсіпкерлері арасында тікелей кәсіби байланыс орнатуды, бизнес, инвестиция, кәсіпкерлік, инновациялар және екіжақты қарым-қатынастар жөніндегі ашық ақпарат алмасуды көздейді.

Сондай-ақ бірлескен медиафорумдар, дөңгелек үстелдер, іскерлік кездесулер, баспасөз турлары мен таныстыру сапарларын ұйымдастыру жоспарланып отыр. Ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі – экономикалық журналистика, цифрлық технологиялар, медиасауаттылық және жасанды интеллект салаларында білім беру бастамаларын жүзеге асыру. Бұдан бөлек, жастар мен мәдениет саласындағы бірлескен ақпараттық және ағартушылық жобаларға да басымдық беріледі.

Меморандумға сәйкес, ТҮКІБ бірлескен іс-шараларға бизнес өкілдерін тартуға, қауымдастық мүшелерінің жобалары туралы ашық ақпарат ұсынуға және іскерлік байланыстар орнатуға жәрдемдеседі. Ал Бас редакторлар клубы журналистердің, редакторлар мен медиа сарапшылардың аталған бастамаларға қатысуына қолдау көрсетеді.

2016 жылы құрылған Түрік және қазақстандық кәсіпкерлер қауымдастығы (ТҮКІБ) Қазақстанда қызмет ететін жетекші түрік және қазақстандық компанияларды біріктіреді. Бүгінде қауымдастық 85 мүшені қамтиды. Олар құрылыс, қаржы, денсаулық сақтау, көлік және логистика, туризм, ауыл шаруашылығы, қонақүй бизнесі, өндіріс және басқа да салаларда жұмыс істейді. Қауымдастықтың Астана және Алматы қалаларында кеңселері бар.

ТҮКІБ-тің негізгі миссиясы – Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды дамыту, кәсіпкерлер арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және екі елдің іскерлік ортасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту.

Бұл меморандум медиа мен бизнес өкілдері арасындағы кәсіби диалогты жаңа деңгейге көтеруге, екі елдің экономикалық және қоғамдық өміріндегі маңызды бастамаларды ақпараттық тұрғыдан кеңінен танытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар құжат журналистика мен кәсіпкерлік салаларының өзара тәжірибе алмасуына, жаңа идеялар мен ортақ жобалардың қалыптасуына жол ашады.

Тараптар алдағы уақытта бірлескен іс-шаралар жоспарын әзірлеп, ынтымақтастықтың басым бағыттары бойынша нақты жобаларды жүзеге асыруға ниетті.

Меморандум тараптардың редакциялық тәуелсіздігі мен дербестігін сақтай отырып, өзара тиімді әріптестікті дамытуға негіз болады.

Мақпал АДАМБАЕВА,
Бас редакторлар клубы ҚБ атқарушы директор

adilet-gazeti.kz

«БІЛІКТЕГІЛЕР ЖОҒАРЫҒА ЖАЛТАҚТАУЫН ҚОЙМАЙ, ІС АЛҒА БАСПАЙДЫ»

Қоғамдағы әділетсіздікке бейжай қарамай, қарапайым халықтың мұң-мұқтажын билікке жеткізіп жүрген ардагер заңгер, инженер-құрылысшы әрі қоғам белсендісі Лес Дүйсенұлы Тлеулес редакциямызға арнайы келіп, сұхбат берді. Біраз жасты еңсерсе де, тың әрі ширақ ақсақал ауыз су мен коммуналдық тарифтердің негізсіз өсуі, 2008 жылғы Келес су тасқынының шындығы және бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелер жайында ашық әңгіме өрбітті.



Лес ТЛЕУЛЕС, қоғам белсендісі:

— Қош келдіңіз, Лес Дүйсенұлы! Сізді біздің газетіміздің оқырманы ретінде ғана емес, заңгер, құрылысшы, қоғам белсендісі, қоғамдық жұмыспен айналысушы ретінде және кезінде Келестегі су тасқыны кезінде комиссия шығып, тұрғындардың үйлерін жарамсыз үйлер санына кіргізбей қойғанда жәрдем бергеніңізді, коммуналдық төлемдер туралы мақалалар жазып тұратыныңызды біледі.

— Иә, мақалаларымның уақытында жарияланғаны рас. Ұмытпасам, соңғы мақалам осы жазда жарияланды. Менің аздап болса да атқарған еңбегімді оқырмандарға жеткізгендеріңізге алғысымды айтамын.

— Олай болса, сізді оқырмандарымызбен жақынырақ таныстырсақ. Қайдансыз, журналисіз бе, мамандығыңыз қандай, қандай жұмыстар атқардыңыз, өмірден алған тәжірибеңізде кімдердің әсері болды? Заңгер болуыңызға, қоғамдық жұмысқа араласуыңызға не себеп болды? Кімдердің ықпалы болғанын толығырақ айтып, алдымен оқырмандарға өзіңізді қысқаша таныстыра кетсеңіз.

— Өзім Шардара жақтың тумасымын, жастық шағым осы аумақта өтіп, мектепті сонау 1970 жылдардың басында аяқтап, Шымкенттегі ҚазХТИ институтын 1978 жылы инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітіргенмін. Ауылымда «Шардарастрой» құрылыс басқармасында мастер, прораб, бөлім басшысы болып жұмыс істедім, азамат болып қалыптастым.

Менің жұмыс істеп, осындай азамат болып қалыптасуыма сол кездегі басқарма басшылары себеп болды. Атап айтсам, басқарма басшысы Т. Ағманов, Иракта жұмыс істеген басқарманың бас инженері З. Биболов және жылжымалы мехколонна басшысы О. Жамантаев сияқты басшылардың жұмыс істеу тәсілі жас кадрларды тәрбиелейтін, үйренерлік, құптарлық еді! Бұл салада мен құрылысшы мамандығымен қатар су маманы, геодезия мамандығын да игердім десем болады. Басқарма басшылары өте мәдениетті, талапшыл, істеген жұмысыңды бағалай білетін еді.

Кейін Одақ тараған соң заңгер мамандығын алып, «Батсу» ЖШС-нде жұмыс істедім. Менің заңгер болуыма өзімнің мектепте бірге оқыған досым И. Әбішов себеп болды. Шардарадан үйден алып келіп, өзінің офисінен бір бөлме беріп, заңгер болатынымды айтты. Заңгер болмаймын деп үш күн өкпелеп, төртінші күні алдына барып, кітаптар сатып алып, заңгер болдым. Кейінірек «Азат» партиясының ОҚО филиалында заңгер болып жұмыс істедім.

Жұмыс істеген әрбір мекемем менің өмірге, сол заманға деген көзқарасыма өз әсерін тигізді деп ойлаймын. «Батсу» ЖШС-нде жұмыс істеген кезім заңгер болып қалыптасуыма үлкен әсер етті. 90 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында Б. Сапарбаев облыста әкім болып жұмыс істеген кезде, Шымкентте электр жарығы болмай, тұрғындар көшеге шығып тамақ пісірген уақытта, Қайнардағы құс фабрикасының жарамсыз (неликвид) материалдарын Өзбекстанға «Птицапром» арқылы өткізіп, Қазақстанның Өзбекстан алдындағы табиғи газдан қарызын жапқанымыз бар. Сол жүкті Киров автобазасының 5 тіркемелі «Камаз» ауыр жүк көліктерімен Ферғанаға жеткізіп, көмек көрсеткен И. Әбішовты ерекше атап кеткім келеді. Ал «Азат» партиясында жұмыс істегенде Ж. Тұяқбаймен, Б. Әбіловпен, Д. Көшіммен кездесіп, сөйлестім.

Өзіңізге жазған мақаламның жазылуына 2008 жылғы Келес өңіріндегі су тасқыны себеп болды. Арызданған тұрғындардың саны 640-қа жетіп, сол өңір тұрғындарының арызымен 640 дефектілік акт түзіп, Астанаға дайын барып қайттық. Премьер-министрмен, «Нұр Отан» партиясының, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарымен кездестік және ҚР Төтенше жағдайлар министрінің қабылдауында болдық. 1,9 миллиард теңгеге жол, көпір, арнасынан тасыған арықтарды тазалау, электр желілерін жөндеу сияқты жұмыстар атқарылды деп ф-2 түзілгенімен, бұл аталған жөндеу жұмыстары мүлде жүргізілмеген еді.

Сонымен қатар 100 м² тұрғын үй – 80 м² болып, ал 80 м² тұрғын үй 60 м² болып кішірейіп кеткені байқалды. Осыдан кейін ауыл әкімдерінің біразы жауапқа тартылды.

— Өзіңіз журналист емессіз, біздің газетке жазған мақалаңыз тұңғыш мақалаңыз ба еді?

— Жоқ. Менің тұңғыш мақалам «Азат» партиясында жұмыс істеп жүргенімде шығатын «Діл» газетінде жарияланды. Бұл газетті Б. Әбіловтің жәрдемімен Шаруа Пірмат ақсақал ұйымдастырып шығаратын. Бір күні «сен әрі-бері жүресің, бір мақала жазсайшы» деп маған қолқа салды. Мен Астанадағы С. Сейфуллин мұражайында болғаным туралы алғашқы мақаламды бердім.

Өзі аттас даңғыл бойында орналасқан, ағаштан қиып салған 4 бөлмелі тұрғын үйдің алдында, бұрынырақ барғанымда Ш. Мұртазаның отырғанын көргенмін. Бір күні әдейілеп барып кіргенімде, мені қазақтың жас қызы қарсы алды. Ішін араладым, бірінші бөлмеде Сәкеннің бас киімі – айналма бөркі, костюм-шалбары, ер-тұрманы және ақынның әндері жазылған пластинка мен радиола тұр екен. Қыз әлек болып әндерін ойната алмады. Екінші бөлмеде отбасы, екі жасында қайтыс болған баласы Аян мен қызы Лаура туралы материалдар бар екен. Гүлбахрам Батырбекқызы туралы ештеңе көре алмадым. Негізі ол Қызылордада партшколда оқып жүргенінде директордың үйіне алдырып, бөлек бөлме дайындатып, некесін қазақша қиып қосылғанын білетінмін.

Ал келесі бөлмеде ақын туралы жазылған әртүрлі шығармалар мен хаттар қазақ тілінде болған соң, қажеттіқажетсіздігін ажыратпай іле берген екен. Көңілім құлазып, есіктен шығарда мұрағат директорынан: «Осы уақытқа дейін "өзі реңді, өзі ақын-жазушы, бірнеше туындылардың авторы, ірі қызметкер болған, басқа әйелден туған, мен Сәкеннің баласы не қызы едім" деп келгендер болды ма?» деп сұрадым. Сөздің төркінін түсінген қыздың беті ду етіп қызарып, басын шайқап, тілін бұрап «не знаю» деп жауап берді! Артымнан тез шыққан, елу жасты алқымдаған, өзін Роза деп таныстырған мұрағат директоры: «Сіз Сәкенді зерттеушісіз бе? Тек бір адам ғана келді, бірақ өзін дәлелдеуден қашты» деп жауап берді.

Астанаға барып келгеннен кейін, ұмытпасам, «Заң орындалмай жақсы өмір келмейді» деген сұхбатым «Діл» газетінің екі бетіне шықты. Бұл мақала Келес өңіріндегі су тасқыны мен Астанаға барған сапар жайлы еді.

— Енді Сіз осы тақырыпқа қалай келдіңіз, кімдердің ықпалы болды? Тарифтер мен бағаның қалай белгіленгенін анықтау үшін қандай жұмыстар істедіңіздер?

— Мен «Азат» партиясында жұмыс істеп жүрген кезімде арамызда жасы үлкеніміз Шаруа Пірмат ақсақал болатын. Өзара кездесіп жиын өткізгенде коммуналдық төлемдер бағасының қымбаттауы, әсіресе олардың ай сайын үзбей төленетіні айтылатын. Мен басында онша мән бермей, көңіл бөлмейтінмін.

«Асу-Б» ЖШС-нде Қызылорда облысы, Жосалының қасында, газ желісінің бойында тас төселген жолды салып жүріп (бұрын оны «инспектор жолы» дейтінбіз), Шымкентке келген соң жиындарға қатыстым. Сонда коммуналдық төлемдер мәселесі көтеріліп, «осыдан бастау керек» деген пікір айтылды. Шәкең менен коммуналдық төлемдердің қалай өсетінін анықтауға бола ма деп сұрады. Мен «бастап көрейік» дедім, ал қалғандар қол жинауға көмектесетін болды. Жұмысты тоқтата тұрып Шымкентке қайттым, ол кезде әлі зейнетке шықпаған едім.

Сұранысымызға алғашқыда ешбір мекеме жауап берген жоқ. Дегенмен келе-келе тиісті жауаптарымызды ала бастадық. Ол кезде Шәкеңнің «Қадірменді қариялар» ҚБ болатын. Мақсатымыз – төменнен бастап қашан толық жауап алғанша сұранысымызды тоқтатпай жоғарылай беру еді. Осы қоғамдық бірлестік арқылы жұмыс істедік.

Арыз-шағымдарымызды жоғарыға жіберу үшін тұтынушылардан қол жинау қиынға соқты. Тұрғындардың қолдары бос болса да жәрдем бергісі келмеді. Қайнарбұлақ саяжайынан Ақмарал деген ауыз су желілерін қадағалайтын көше белсендісі (уличком) барлық ауыз су желілерін бақылаушыларға қол қойдырып, мөрлерін бастырды. Қырғы базардағы қазақша сөйлейтін қазақ әйел өз базарындағы бақылаушылар арқылы қол жинап берді. Қазіргі Г. Ильяев пен К.Маркс көшелері қиылысындағы емхананың бас дәрігерінің хатшысы, жас қазақ қыз өз ұжымына қол қойдырды. Сонымен қатар мәселені түсінетін көпқабатты үйлердің домкомдары да көмектесті. Не керек, 3000-дай қол жинап, арамыздағы қоғамдық бірлестік, басқа ұйымдар және жеке тұлғалар бірігіп, жоғары жаққа арыз-хат жаза бастадық.

Шәкең менің жазған арыз-шағымдарымды бірнеше адамның, мекеменің атынан көрсететіндіктен, талапқа сай ресімдеуді тапсырды. Біздің еңбегіміздің қаншалықты әсері болғанын білмеймін, 2018 жылы 8 қарашада сол кездегі ҚР Президенті Н. Назарбаевтың алдында ҚР Бас прокуроры Қ. Қожамжаров Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында баяндама жасап, ауыз су бағасы 10 пайызға төмендеп, 3 жыл бойы көтерілмеді.

Содан кейін жұмыстар басталды: қоқыс шығару, электр энергиясын, табиғи газды тасымалдау құрылымдарын, бағаны белгілейтін сметаларды сұратып алу сияқты біраз жұмыстар істеліп, сол кездегі әкім орынбасары Б. Парамановтың қатысуымен жиындар өтті. Алдымен қоқыс шығарудың жай-күйін қарадық. Шымкент қаласында қоқыс шығарумен айналысатын «Арнайы автотранспорт» басшысы өзіндегі қиыншылықтарды айтып, халықтың 60 пайызы төлемейтінін жеткізді. Төлету үшін ешқандай тетік жоқ екені, қоқысты полигонға ақша төлеп өткізетініне дейін айтылды. Сонымен қатар қосымша ұсақ 10-ға жуық қоқыс шығаратын мекеме бар екені анықталды. Әкімшілік өкілі бұны тек субсидиялау арқылы ғана шешуге болатынын алға тартты. Біз шығарылған қоқыс үшін ақы төлемейтіндердің тізімін газетке жариялап, мемлекеттік қызметкерлердің төлеуіне әкімшілік тарапынан ықпал жасау туралы ұсыныс айтқанымызбен, ол өтпеді.

Ал ауыз су басшысы Б. Парамановтың қолымен жіберілген шақыртуға келмеді. Табиғи газ, электр энергиясымен қамтамасыз ететін басқа да мекемелер «қағазын кейін көреміз, жалғастырамыз» деген сылтаумен сытылып кетті. Кейін коммуналдық төлемдер бағасын құрайтын комиссия құрамына кіріп, біраз отырыстарға қатысқанымменкейін жайлап шығарып тастады. «Оңтүстік Жарықтың» құжаттарын алдырып, ОҚО прокуратурасынан Батыр Ергешов, антимонополиядан орынбасар Салима Попова үшеуміз отырып, көптеген заңсыз жасалған әрекеттерді анықтадық. Шара қолданылатыны айтылғанымен, ОҚО прокуратурасының жауабы басқаша болды.

Көп ұзамай Шәкең ауырып, ковидтен қайтыс болды. Ауруханадан маған ұялы телефонмен хабарласып, бастаған істің аяқсыз қалмауын тапсырды. Несін жасырайық, жүріп-тұруға өз қалтасынан қомақты қаржы да бөлді. Бұл қаржыға мен де өз үлесімді қостым. Бұл кезде мен «Әділет Груп» заңгерлер палатасында заңгер ретінде тіркеліп жұмыс жасайтынмын.

— Шәкең қайтыс болғаннан кейін бұл жұмысты ары қарай жалғастырдыңыздар ма, жоқ әлде тоқтап қалды ма?

— Жұмыстың бәрі Шәкеңнің «Қадірменді қариялар» ҚБ арқылы жүргізілгендіктен, оны қайта бастау немесе қоғамдық бірлестік арқылы жалғастыру қажет болды. Шәкеңнің үйінде бір-екі рет болмасам, балалары мен қыздарын танымайды екенмін. Қоғамдық бірлестіктің құрылтай құжаттарын алу қиын болды. Маған берген сенімхат арқылы кейінірек өз атымнан «Темірқазық-1» ҚБ ашып, барлық құжатты соған аударып алдым.

Шәкең көзі тірісінде Шымкентті ауыз сумен қамтамасыз ететін мекеменің біраз былығын аштық. Мен жоғарыда аталған «Әділет Груп» заңгерлер палатасына мүше болуымның өзі де осы коммуналдық төлемдердің тарифтерін зерделеп, анықтау үшін еді. Ауыз су бойынша біраз жұмысты анықтау үшін Шәкең 2 млн. теңге, ал мен 500 000 теңге бөліп, «Әділет Груп» заңгерлер палатасына аудардық. Қол жинау, сұраныс жасау және жазба жұмыстарымен өзім айналыстым. Арнайы топ құрмақшы болдық, бірақ ешкім қатысқысы келмеді. Жасайтын сұранысымыздың мәтінін заңгерлер палатасының заңгері жазып, қол жинау мен мәліметтерді беруді өзім атқардым, ал жиналған құжаттар палатада қалды.

Осыдан кейін Шәкең берген 2 млн. теңге жоқ болды. Мен өз тарапымнан берген 500 000 теңгені үш бөліп қайтарып алдым. Алланы аузынан тастамай, бес уақыт намаз оқып, жұма сайын мешітке барып жүретін палата басшысы жұмыс істеуден біртіндеп бас тартып, «Қадірменді қариялар» ҚБ атына келген бірнеше құжатты бермей қойды. Қыздарының айтуынша, Шәкең 2 млн. теңгеден басқа да қомақты қаржы берген екен. Бұл қаржылар да әлгі басшының қолында қалып кеткенге ұқсайды.

Ал менің еңбегім еш кетті. Шәкең жұмысты бізге аманат етіп кетіп еді, мен сол аманатты орындайын деп жалғастырсам, палата басшысы қашып жүр, ұялы телефонды көтермейді.

— Жаңа ауыз су бойынша былықтарды анықтадық дедіңіз, ол қандай былықтар еді?

— ҚР Премьер-Министрінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №1779 қаулысы негізінде ҚР аумағында 2013-2015 жылдары ауыз судың бағасы 30 пайызға көтерілуге тиіс болған. Ал осы қаулы негізінде бізде, Шымкент қаласында, бұл процесс 2013-2019 жылдарға дейін созылып, ауыз су бағасы 33 теңгеден 99 теңгеге жетті!

Бағаны қалай көтерді? Ауыз су желілеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізгенде, тиісті мемлекеттік мекемелер (Шымкент қаласының әкімдігі, Табиғи монополияларды реттеу агенттігі және т.б.) бекітпей, өздерінің еншілес (дочерний) заңды тұлғалары ғана дефектілік актілерге қол қойып, тендерді солар ұтып отырған. Ал бағаны әкімшілік пен монополияға қарсы агенттік департаменті бекітеді. Жөндеу жұмыстарына несиені шетел валютасымен алып, нәтижесінде баға осылай шарықтады.

Бұл мекеме электр энергиясын 2009 жылдан бері «Энергопотоктан» алмайды, өздерінің есебі бойынша түскен төлемнің 70 пайызын несие, салық төлеуге және қызметкерлерге сыйақы беруге жұмсайды екен! Товарлық табиғи газдың да бағасы солай. Шығыс Қазақстан облысында 2017–2028 жылдар аралығында баға көтерілмесе, бір аумақта 6 теңге, екінші аумақта 24 теңге болып жатыр. Бір елде тұрып табиғи газ бағасының мұндай айырмашылықпен болуы – Президент жанындағы Экономикалық кеңес пен бақылаушы органдардың қайда қарап отырғаны белгісіз жұмбақ. Табиғи газ бағасын бір жыл ішінде бір аумақта 0 пайыз, екінші аумақта 40 пайызға көтереді! Негізінен барлық баға өсімі мен төмендеуі Ұлттық Банк белгілеген теңгенің құлдырауы немесе нығаюы көрсеткіштеріне сәйкес келуі керек қой.

Ал тас көмірді Шұбаркөлден әкелу мәселесі қалай жүреді? Шұбаркөлде 1 тонна тас көмірді вагонға артқаннан кейінгі бағасы 4500 теңге болса (бұл 2010 жылғы баға), Шымкентке дейін вагонмен тасымалдау 800 теңге, бірақ сол жылдары (2010 жж.) 1 тоннасы 12000-15 000 теңгеден сатылды! Әрине, айта берсең әңгіме көп. Министрліктердің мұндай бағаны не үшін белгілейтіні ойландырмай қоймайды.

— Өзіңіздің көкейіңізде жүрген, бірақ толық айтылмай қалған жайлар бар ма?

— Қалада жүріп көшеге қарасаң, көзге ұрып тұрған түйткілдер жетерлік. Дегенмен басшылардың көптігі, өздерінен кейінгі департамент, басқарма басшыларының өздігінен ешнәрсе шешпей, жоғарыға жалтақтауы әлі де Кеңес одағы кезіндегі жұмыс стилінен ажырамағанын көрсетеді. Бәрі бірінші басшыға жалтақтайды.

Реті келгенде айта кету керек, осыларды айта бергенім үшін әкімшілік қабылдамай қойды. Мысалы, жеке сот орындаушылары өздерін тым жоғары қойып, білгендерін істеп жатыр. Менің алған несиемді сот арқылы «АНК» АҚ өндіріп, кейін іс қайта қаралып, 6 жеке сот орындаушысы осы қарызды өндіру үшін 12 қаулы шығарған! Тіпті біреулері қарызын төлеп болайын десе де бұғаттаған. Төлеп болғанына бір жылдан астам уақыт өтсе де, өздері қойған бұғатты шешпейді. Сот шешімін жеке сот орындаушыларының өздері орындамайды.

Бастықтардың бірнеше орынбасары бар. Мекеменің еден жуушысынан бастап орынбасарына дейін бастық жұмысқа қабылдайды, ал ұрланған ақшаны білмейді, себебі «бастыққа айтпай орынбасарлары істеген» болып шығады! Менің ойымша, бұл билікте әбден қалыптасқан жүйе. Қазақ «қанымыз таза, жеті ата түгіл бір рудан қыз алмаймыз» деп мақтанады, бірақ тамыр-таныстық пен «көке-жәке» әбден жетілген.

Осыдан біраз бұрын автобуста мектепті алтын медальмен, қызыл аттестатпен бітіріп, университетке грантқа түскен бір студентпен сөйлестім. Мектепте өндірістік практикада жүр екен. Бұл дегеніміз – жарты жылдан кейін мұғалім болады деген сөз! Өзі химия пәнінен сабақ береді құдай қаласа. «Ал Менделеев кестесіндегі элементтердің қандай көрсеткіштеріне қарай орналасқанын білесің бе?» десем, «оқимын ғой» дейді. Мектепте оқымаса, университетте түсінбесе, енді қашан түсінеді, ол балаларға қалай сабақ береді? «Алтын медаль мен қызыл аттестатты қалай алдың?» десем, әпкесі сол мектепте мұғалім болып шықты. Менің бұған қосып аларым жоқ. Не керек, өтірік айту, алдау, тамыртаныстық бәрі жолға қойылған.

Шымкент қаласы әкімінің 6 орынбасары бар екен! Күндіз түсте неге қоғамдық көлік жүрмейді, түскі асын іше ме десем, «олар да түскі ас ішуі керек қой» дейді. Өздері сияқты астында көлігі жоқ, үйіне барып жағдай біле алмайтындар не істеу керек, халық қоғамдық көлікті тосып қаңғып қалса?

Мен Ғ. Сыздықбековтің қабылдауына жазылып, кезек күтіп жүріп, арада екі жарым ай өткен соң қабылдандым! «Неге бұлай?» десем, «сіздің қабылдауға жазылғаныңызды білмедім» дейді. Жұмыс істейтін азамат, қаланы көркейтті, бірақ алдайтыны дұрыс емес екен. Қабылдауға барғанда 2024 жылдың 24 қыркүйегінде табиғи монополияны реттеу агенттігімен бірге түзген хаттамамды айттым, хабарласамыз деді. Бірақ әзірге хабар жоқ. Соған қарағанда мен ол кісіге де ұнамайтын сияқтымын.

Мен алғаш қиналғанда товарлық табиғи газ туралы мақаламды «Әділет» газеті басып, үлкен көмек көрсетіп еді, алдын ала рахмет айтамын. Бір қалада тұрамыз, егер жұртшылыққа менің сұхбатым ұнап жатса, алдағы уақытта «Әділет» редакциясында тағы да кездесеміз деп ойлаймын.

— Сізге де рахмет! Бізге келіп сұхбат беріп, біраз жаңалықтардан хабардар етіңіз. 73 жаста болсаңыз да тың, ширақ екенсіз, жиі келіп тұрыңыз!

— Сіздерге де рахмет, оқырмандарыңыз көбейе берсін!

Сұхбаттасқан
Әділ ҚЫРАН

adilet-gazeti.kz

Әйгілі «Ақсақал» қымызы Алматы қаласы, облысы ғана емес, мұқым Қазақстанда белгілі. Оны биыл 11-12 шілде аралығында Астанада «Қазанат» ипподромында өткен BaiQymyz-2026 халықаралық ауқымды қымыз гастрофестивалі кезінде байқадық. Жүлде қоры 45 миллион теңгені құраған ауқымды шарада 60-тан астам еліміздің үздік қымыз өндірушілері қонақтарға 56 тоннаға жуық өз өнімдерін ұсынды. Гастрофестивальда «Үздік қымыз» байқауы, ұлттық спорт түрлері мен ұлттық ойындар, жәрмеңкелер, аукциондар және көрмелер ұйымдастырылып, еліміздің түкпір-түкпірінен, шет елдерден келген қонақтар назарына ұсынылды.

«SAUMAL DELUXE» ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ТАҢҒАЖАЙЫП

ондағы саумал мен «Ақсақал» қымызын ішкен жандардан байқалды

Екі күнге созылған іс-шараға 70 мыңнан астам қонақ келуінің өзі ел тұрғындарының ата дәмге қызығушылығын айқын аңғартты. Ал ұйымдастырушылардың айтуынша, фестивальдің басты мақсаты – қымыз өндірісін дамыту, ұлттық тағам мәдениетін насихаттау және отандық өндірушілерді қолдау.

Дәмдода барысында қатысушылар қымыздың сапасы, дәмі, дайындалу ерекшелігі мен ұлттық дәстүрге сәйкестігі бойынша сынға түсіп, екінші күні «BaiQymyz» халықаралық фестивалі аясында ұлттық сусын — қымызды дәріптеуге арналған ауқымды байқауы қорытындыланды.

Солардың ішінде мыңдаған адамдарды тамсантқан **«Ақсақал»** қымызына сонау Америкадан келген 2 турист ерекше тәнті болды. Олар әртүрлі қымызды ішіп көргендігін, алайда «Ақсақалдың» дәмі ешқайсысына ұқсамайтындығына назар аударды. Айтса айтқандай, дәмдода соңындағы салиқалы жюридің шешімімен «Ақсақал» қымызы ең маңызды **«Дәм шебері»** номинациясы бойынша Жүлдегер атанып, 500 мың теңге сыйлығын жеңіп алды. Бұл марапат қымыздың ашытылу бабына, дәмінің ерекше теңгеріміне және дәстүрлі технологияны бұзбай дайындалуын қамтамасыз еткені үшін берілген.

«Ақсақал» қымызы ежелгі қазақ атабабаларымыздың саба мен күбіде пісу әдісін қолдана отырып, тобылғымен немесе қайың қабығымен ыстау (ыс беру) технологиясын сақтап дайындалған. Оның дәміндегі өзіндік жұмсақтық пен соңғы тұщы ноталары дәл осы табиғи өңдеу мен Алматы өңірінің таулы шөптерінің құнарынан келгені анықталған. Қанша ішсең де келесі кесеге қалай қол созғаныңызды байқамай қаласыз. Оның технологиясын, баптау шеберлігін ойлап тапқан азамат – Құрманғали Мақсұтұлы Жұмағұлов. Ол «Ақсақал» қымыз брендінің авторы әрі Алматы облысындағы «Saumal Deluxe» компаниясының жетекшісі. Алматы облысының Талғар ауданына қарасты Белбұлақ ауылында арнайы саумал терапиясымен айналысатын Құрманғали Мақсұтұлының өзімен әңгімелескенімізде ол бұл өнімнің Қазақ тағамтану академиясы мекемесінен тексеруден өтіп, жоғары бағаға ие болғандығын әрі тиісті сынақтардан сәтті өткендігін айтты. Қазір тиісті құжаттар, сертификаттар компания төрінде ілулі тұрғанын өз көзімізбен көрдік.

Сондай-ақ бренд иесінің түсіндіруінше, саумал-терапия – жаңа сауылған бие сүтін, яғни саумалды белгілі бір жүйемен тұрақты түрде қабылдауға негізделген емдік-сауықтыру әдісі. Бұл әдістің негізгі мақсаты – аурудың жекелеген белгілерін ғана жеңілдету емес, ағзаның жалпы жағдайын жақсартуға, оның табиғи қалпына келу үдерістерін қолдауға бағытталған. Саумал ағзаға жеңіл сіңеді және аллергиялық реакция тудырмайды. Сондықтан оны балаларға да, егде жастағы адамдарға да тұтынуға болады. Сондай-ақ саумал иммундық жүйенің қызметін жұмсақ қолдаушы табиғи иммуномодулятор ретінде сипатталады. Әсіресе ауыр сырқаттардан кейін ағзаны қалпына келтіру кезеңінде оның маңызы зор екенін атап өтті.

«Ақсақалдың», «Saumal Deluxe» орталығындағы саумалдың керемет қасиеттері мен бал татыған дәмі, денсаулыққа тигізген ерекше шипасы туралы осында болып, емделіп, жағдайын жақсартқан жандар мен нақты маманның әңгімелеріне құлақ түрейік.

Амалжол Мелдеханұлы Ақаев, зейнеткер, емделуші:

– Біреулерден естіп, осындай саумалы жақсы бар деп жолдасым екеуміз келдік. Өте жақсы әсер етті... Содан бері мінеки қазір 3-ші рет келіп отырмын. Бұл жердің **с**аумалы өте жақсы, ерекше әсер еткенін байқадым. Аурудың бәрі терімен шығатынына көз жеткіздім. Осы жердегі ем-домның арқасында жүгіретін дәрежеге жеттім. Өздері жұртқа беретін саумал мөлшері бар ғой: таңертең, түсте, кешке. Сол көлемді ғана қолданам, артық ішпеймін. Жан дүниеме әл беріп, әсер етіп жатқанын байқап отырам. Мен атомдық су асты қайығында қызмет етіп, ракеташылардың бір бөлімін басқардым. Қазір дербес пенсионермін. Алматыда жайлы үй кешенінде тұрамын.

Павел Лебедев, емделуші:

– Ауруханада бауырымды емдеген кезде қолданылған дәрілердің салдарынан бүйрегіме кері әсері тиіп, оның жұмысы нашарлап кетті. Мені емдеу мүмкіндігі жоқ екенін айтып, ауруханадан шығарып тастады. Қан талдауындағы креатинин көрсеткіші өте жоғары болды. Бұл – бүйрек қызметін бағалауда маңызды көрсеткіштердің бірі. Кейін осы жерден ем алғаннан соң, екі аптадан кейін қан талдауын тапсырдым. Нәтижесінде креатинин көрсеткіші қалыпты деңгейге түсті. Бүйрегімнің жұмысы да қалпына келе бастады. Екі аптаның ішінде бүйрегімнің көрсеткіштері өте жақсарғанын талдау нәтижелерінен көрдім.



Дүйсембаев Кенесхан Идырысұлы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, емделуші:

– Мамандығым – жылқы шаруашылығы, нақтырақ айтқанда, жылқы өсіру саласы. Ғылыми диссертациямды да қымыз тақырыбы негізінде қорғадым. Алматы қаласында тұрамын. Аграрлық университеттен келдім. Мұнда ем қабылдағанға дейінгі және кейінгі жағдайымды салыстыратын болсам, қазір атқа мініп, шауып жүре аламын. Шынын айтсам, мұның әсері өте жоғары. Мұндай өнімді басқа жерден табу қиын. Өзім айтқандай, бие сүті ана сүтіне, әсіресе жаңа сауылған сүтке өте жақын. Құрамы жағынан 99 пайызға дейін ұқсас. Сондықтан оның ағзаға беретін пайдасы зор деп есептеймін. Қазір, Құдайға шүкір, атқа мініп, шауып жүрміз.

Иә, атқа мініп серуендеймін. Мұнда арнайы үлкен айналма жол бар, сол жерде атпен жүремін. Бір-екі азаматпен бірге тауға да көтерілдік. Жалпы, бұл өнімнің әсері жақсы. Бізде бір кемшілік бар: жалқаулыққа салынып, көбіне қимылсыз отырғанды жақсы көреміз. Ал атқа міну – өз алдына бір гимнастика, дене жаттығуы. Ат үстінде жүру адамның денесін шынықтырып, қозғалысын арттырады.

Қымыз бен саумалдың қасиетіне келсек, оны тұтынудың өзіндік ерекшелігі бар. Бұған дейін де айтқанымдай, ең жоғары әсері – жаңа сауылған, яғни бие сүтінің табиғи, саумал күйінде болған кезінде байқалады. Өйткені бие сүті сауылғаннан кейін шамамен үш сағат өткен соң аши бастайды. Ашыған кезде оның бастапқы қасиеттері өзгереді. Ашыған сүт бастапқы саумал күйінде болмайды. Сондықтан саумалды мүмкіндігінше жаңа сауылған күйінде ішкен дұрыс.

Бие сүтінің дәміне келетін болсақ, оның өзіндік ерекшелігі бар. Аздап тілмен қозғап көргенде, дәмі қоюлау, сәл кермек әрі тәттілеу сезіледі. Мұның себебі – бие сүтінің құрамында лактозаның мөлшері жоғары. Лактоза табиғатта сүттің құрамында кездеседі. Ол түйе, бие, ешкі және қой сүтінде болады. Алайда лактозаның мөлшері ең жоғары сүт – бие сүті, әсіресе жаңа сауылған саумал. Сондықтан оның дәмі де, құрамы да басқа сүт түрлерінен ерекшеленеді.

Эльмира Балабекқызы Атантаева, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің Жүйке аурулары кафедрасының доценті, медицина ғылымдарының кандидаты:

– Жеке өзім Саумалға пандемия кезінде қызығушылық таныттым. Пандемия дәуірінде, басқа өңірлерде қалай болғанын білмеймін, бірақ Алматыда саумал мен қымыз үшін үлкен кезектер болатын. Өйткені дәл сол кезде саумал арқылы ковидтің өзімен ғана емес, салдарымен күресу, тіпті өткір жағдайлардың өзінен жол табу өте тиімді болып шықты. Кейіннен мен көптеген адамдар жаңа саумал ішу үшін арнайы келіп демалатын «Саумал Делюкс» сауықтыру кешеніне бардым.

Біз зерттеулер жүргіздік, ол еңбегіміз балғын (табиғи) саумалдың адам денсаулығына, атап айтқанда жүйке жүйесіне қалай әсер ететінін зерттеуге арналды. Мен невролог болғандықтан, әрине, жүйке жүйесі ерекше қызықтырды. Белгілі философ Эмерсон: «Жалғыз ғана құрмет бар – көмек көрсету құрметі. Жалғыз ғана күш бар – көмекке келу күші» деген екен. Ал көмектесу үшін біз, әрине, біртұтас тәсілді қолдануымыз керек. Платон дәрігерлер рух дәрігерлері және тән дәрігерлері болып бөлініп кеткенін айтқанда, істің кейін неге айналатынын әлі елестете алмаған еді.

Бүгінгі таңда медицина саласында 300 мамандық бар, олардың әрқайсысы өз ауруын емдейді. Әрқайсысы бір-бірін түсінуді тоқтатты. Сондықтан бізге өз ғұламаларымызға бағдар жасау керек. Мысалы, Гиппократ «Дәрігер ауруды емес, науқасты емдеуі тиіс» деп айтқан. Ол тағы бір сөзінде: «Тағамыңыз дәріңізге айналсын. Біз не жесек, сомыз». Аллаға шүкір, қазір дәрігерлер адамды жекелеген ағзалар түрінде емес, психо-анатомиялық тұтастық, био-психо-әлеуметтік модель ретінде қарастырады.

Емдеу, осы элементтердің әрқайсысына бағытталуы тиіс. Яғни, қазір біртұтас, мультидисциплинарлық тәсіл қолданылады. Жақында мен Италияда амилоидозды және атап айтқанға амилоидты полинейропатияны емдеудің ең жаңа әдістері туралы семинарда болдым, Павия қаласында, олар да мультидисциплинарлық тәсілді қолданады. Бір пациентті қаншама маман зерттейтініне назар аударыңызшы, бұл тізімге нутрициологтар мен диетологтар да енеді. Сондықтан қазіргі таңда біздің инсульт орталықтарымызда да логопедтер, кинезиологтар, диетологтар және т.б. кіретін тұтас мультидисциплинарлық бригадалар жұмыс істейтінін айтқым келеді.

Барлығы адамды қалпына келтіруге бағытталған. Заманауи неврологияда осы мультидисциплинарлық тәсіл қолданылады. Ал саумал, негізінен, энергетикалық және нейротрофикалық факторларды қалпына келтіруге бағытталған. Бұрын жүйке жасушалары қалпына келмейді деп саналғаны есіңізде шығар, бірақ кейін бәрімізде нейротрофикалық фактор бар екені ашылды. Жаратушы мұны бәрімізге салып қойған. Осы нейротрофикалық фактордың арқасында біз қалпына келе аламыз. Ағзамызда сауығып кету үшін барлық нәрсе бар.

Жаратушы бізді кем дегенде 150 жыл өмір сүретіндей етіп жаратқан. Жалғыз мәселе – қалай дұрыс өмір сүру керектігін білмейміз, сондықтан 150 жылға дейін өмір сүрмейміз. Алайда ғылымның, молекулярлық нейробиологияның дамуы арқасында біз бұл нейротрофикалық факторды қалпына келтірудің көптеген мүмкіндіктері барын білеміз. Саумал да осы нейротрофикалық фактордың жұмыс істеуіне бағытталғаны белгілі.



Мен бұл мәселеге қызығушылық танытқан кезде, осы бағытта – саумалдың неврологияға, жүйке жүйесіне қалай әсер ететіні туралы зерттеулер мен әдебиеттер өте аз екенін байқадым. Сондықтан біз резидент-терімізбен және интерндерімізбен бірге саумалдың жүйке жүйесіне қалай әсер ететіні туралы зерттеу жүргізуді жөн көрдік.

Саумалдың неден тұратыны, қандай минералдар, витаминдер, аминоқышқылдар бар екендігі және басқа сүт түрлерінен айырмашылығы туралы көп айтуға болады. Бүгінгі таңда саумал адам үшін ең пайдалы және ең қауіпсіз екені белгілі. Неліктен? Себебі саумал құрамы бойынша ананың сүтіне өте ұқсайды.

Саумалдың әсерлері қандай? Қабынуға қарсы, бауыр жағдайын жақсарту, антиоксиданттық қасиеттер, иммунитетті қолдау, ісікке қарсы әсерлер. Зерттеушілер қазір микробиом туралы көп айтып жүр. Шын мәнінде, ішек, микробиота және ми – бұл орталық жүйке жүйесін, асқазан-ішек жолдарын және ішек микробиотасын біріктіретін кешенді биологиялық жүйе. Микробиота нейротрансмиттерлерді синтездеуге қатысады. Мысалы, серотониннің 90%-ға жуығы ішекте синтезделеді. Бактериялардың тіршілік өнімдері (қысқа тізбекті май қышқылдары SCFA) қан-ми барьерінің өткізгіштігіне және иммундық жасушалардың белсенділігіне әсер етеді. Стресс өз кезегінде миға әсер ететін жүйелі қабынуға ықпал етіп, ішектің өткізгіштігін жоғарылатып, микробтық балансты бұзуы мүмкін. Бұл осытің бұзылуы депрессиямен, мазасыздық бұзылыстарымен, нейродегенерациямен және тіпті аутизммен байланысты.

Саумалдың құрамына тағы да назар аударыңызшы: ағзаға қажетті 40-тан астам пайдалы заттар, дәрумендер, аминоқышқылдар, майлар, ферменттер, лизоцим, амилаза, микроэлементтер және т.б. бар.

Бізге дәрумендер не үшін керек? Жүйке жүйесі үшін дәрумендер, әсіресе В тобындағы дәрумендер нейротрофикалық факторды, барлық нейротрансмиттерлерді толтырады, бұл – жүйке жүйесі үшін нан іспеттес. Саумалда көрсетілген аминоқышқылдар неврологияда үлкен рөл атқарады. Саумалда өте маңызды аминоқышқыл – триптофан бар. Ағза триптофанды ниацин (В3 дәрумені), серотонин, эндорфиндер, энкефалиндер (бақыт гормондары) және мелатонин өндіру үшін пайдаланады. Ниацин көмірсулар, майлар мен ақуыздарды энергияға айналдыру үшін қажет. Серотонин көңіл-күйді, тәбетті реттеуге қатысады, ал мелатонин ұйқы мен тәуліктік ырғақты реттейді. Триптофан мазасыздықпен, стресспен, ұйқысыздықпен және депрессиямен күресуге көмектеседі.

«Saumal Deluxe» орталығында болған пациенттер: «Ой, таңғаларлық жайт, ішкеннен кейін өзімді соншалықты жақсы сезінемін, неліктен?» дейді. Бұл саумалда бар аминоқышқылдардың арқасында бақыт гормондары осындай әсер тудырады екен.

Биолактоза. Бие сүтінің лактозасы, ана сүті сияқты, сиыр сүтінен айырмашылығы, іс жүзінде бірдей мөлшерде бета-лактозадан тұрады. Жіңішке ішекте бета-лактозаның гидролизденуі глюкоза мен галактозаның түзілуіне әкеледі, ал галактоза орталық жүйке жүйесінің дамуы үшін қажетті галактолипидтердің құрамдас бөлігі болып табылады.

Зерттеуіміздің мақсаты неврологиялық науқастарды кешенді емдеуде саумалтерапияның тиімділігін анықтау болды. Біз науқастарды басқа жақтан іздеген жоқпыз, олар «Саумал Делюксе» келіп, биеден жаңа сауылып әкелінген балғын саумал ішкен демалушылар еді. Онда қарқынды терапия тәжірибесі қолданылады, яғни диетаның орнына тәулігіне 6 рет тек саумал қолданылады.

Біз не істедік? Пациенттер 30 күн бойы күн сайын саумал қабылдады, негізгі терапия өзгеріссіз қалды, ал бақылау тексерулері 1-ші және 30-шы күндері жүргізілді. Өткізілген жері: Алматы маңындағы Талғар ауданы («Саумал Делюкс» қонақ үйі). Тау аясындағы табиғаты өте әсем жер.

Материалдар мен әдістер: Қатысу критерийлері – 18 жастан асқандар, созылмалы неврологиялық аурулардың диагнозы (невроний, мидың созылмалы ишемиясы, созылмалы ауырсыну синдромы, вегето-тамырлық дистония, созылмалы шаршау синдромы), соматикалық аурудың тұрақты ағымы және пациенттің ақпараттандырылған келісімі. Декомпенсацияланған науқастар болмады.

Неврологиялық тексеру, мазасыздық деңгейін бағалайтын Гамильтон мазасыздық шкаласы, когнитивті қабілеттерді (жады, зейін) бағалайтын МОКА шкаласы, астенияның көрініс дәрежесін өлшейтін астениялық жағдай шкаласы қолданылды. Зерттеуге 35 пен 65 жас аралығындағы 15 пациент (12 әйел, 3 ер адам) қатысты. Оларда мазасыздықтың жоғарылауы, жадының нашарлауы, астения шағымдары болды.

Нәтижесінде не алдық? Астениялық жағдай шкаласының көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды. Гамильтонның мазасыздық шкаласы да керемет жақсарды – пациенттерде мазасыздық деңгейі едәуір төмендеді. МОКА шкаласы бойынша когнитивті функциялар жоғарылады. Жалпы әлсіздікке, шаршағыштыққа, бас ауруына шағымдар азайды, ұйқы жақсарды, ояну жеңілдеді, қорқыныштар мен кернеу деңгейі төмендеді. «Ең жаманын күту» үмітпен алмасты. Соматикалық көріністер де психологиялық көріністер сияқты азайды. Жады мен зейін жақсарды, артық салмақ төмендеді, артериалды қысым қалыпқа келді және жалпы денсаулық жағдайы жақсарды.

Қорытынды: Саумалтерапия неврологиялық жағдайларды кешенді емдеуде жоғары клиникалық тиімділігін көрсетті. Бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастыру және кеңейту қажет. Бие сүті және оның негізіндегі өнімдер негізгі препараттармен қатар әр түрлі аурулар мен жағдайларды емдеуде базалық құрал ретінде кеңінен қолданылуы тиіс. Бие сүтінің пайдалы қасиеттерін зерттеудің перспективасы зор және ол тәжірибелік денсаулық сақтау мен медицина ғылымының әр саласында әрі қарай зерделеуді қажет ететін пән болып табылады.

ЖОҒАРЫДА ой-пікірлерін, нақты нәтижелері мен ғылыми қорытындыны айтқан жандардың сөздерінен көрінгеніндей, «Saumal Deluxe» орталығының саумалы мен «Ақсақал» қымызы жоғары технологиялар мен қазақы дәстүрді терең зерттеулердің жемісі. Бұл технологияны растайтын ресми құжат оның авторы Құрманғали Мақсұтұлы Жұмағұловтың қолында тұр. Осы өнімді жасаудың қыр-сырларын ұзақ жылдар бойы зерттеген ол қазіргі таңда өз өнімдерін қолдана отырып, жақпамай, сабын, құрт, ірімшік және басқа өнімдерді шығаруда. Бір қызығы, бұл өнімдер өз елімізде ғана емес, шетелдерде де сұранысқа ие болған. Қазір бірнеше Оңтүстік Корея кәсіпкері «Saumal Deluxe» компаниясының бірқатар өнімдеріне тұрақты түрде тапсырыстар беріп келеді. Бұл – сапаны мойындау, өнімдердің жоғары деңгейін әділ бағалау. Уақыт өте келе орталықтың өнімдері ҮЛКЕН СҰРАНЫСТАРҒА ие болатынына еш күдік жоқ. Әлемдегі ірі компаниялардың көбі осы жолдан өткен.

Ендігі басты әңгіме мыңдаған жандардың ыстық ықыласы мен құрметіне ие болған осынау ғажап өнімдердің мұқым жұртшылыққа жетуіне мұрындық болу. Бұл орайда жоғары билік өкілдері елең етіп, тиісті ірі қорлар қолдау көрсетсе, қаншама сырқат жандардың дәрісіз-ақ емделуіне сара жол ашылар еді. «Saumal Deluxe» компаниясына мемлекет тарапынан нақты қолдау, көмек керек. Құрманғали Мақсұтұлы Жұмағұловпен әңгімелескенімізде, егер оған атқарушы билік тарапынан нақты қолдау болса, түркі әлемінің дүние жүзіне даңқын шығаратын ұлттық колориттегі ауқымды жобалары бар екенін әңгімелеп берді. Оның үстіне бұл іскер азаматтың елдегі ірі компанияларда менеджер, маркетолог болып жұмыс істеп, жинаған мол тәжірибесі бар БІЛІКТІ МАМАН екендігін ескерген абзал. Егер оның ой-армандары жүзеге асырылып, ұлт қамы жолындағы САЛИҚАЛЫ ЖОБАЛАРЫ ІСКЕ АСЫРЫЛСА қазақ ұлтының даңқы әлемді дүр сілкіндіретініне сеніміміз зор. Әзірге **Құрманғали Мақсұтұлына** сәттілік серік болсын демекпіз.

Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН,
Қазақстанның Бас редакторлар клубының бірінші вице-президенті,
Республикалық қоғамдық-саяси «Әділет» газетінің бас редакторы

Адамның кәсіби және тұлғалық қалыптасуында білім берген оқытушылардың орны бөлек. Алайда шәкіртінің бойындағы қабілетті байқап, оның ғылымға деген көзқарасын қалыптастырып, қиын да жауапты ғылыми жолға бағыттайтын тұлғалар көп кездесе бермейді. Мен үшін осындай қадірлі жанның бірі – ұстазым, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, отставкадағы полиция полковнигі, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагері Құрманбек Сағынбекұлы.

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНА ЖЕТЕЛЕГЕН ҰСТАЗ

Құрманбек Сағынбекұлы 1966 жылғы 11 қазанда Жамбыл облысы Жамбыл ауданына қарасты Қызыл Абад ауылында дүниеге келген. 1973-1983 жылдары Аса ауданының Құмшағал станциясында орналасқан №24 орта мектепте білім алып, оны үздік аяқтаған. Мектептен кейін Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технологиялық институтына оқуға түсуге талаптанғанымен, төртінші емтиханнан өте алмай қалады. Алайда алғашқы сәтсіздік оның жігерін жасыта алмады. Сол жылы Жамбыл станциясындағы Локомотив депосының механикалық цехына слесарь болып жұмысқа орналасып, еңбек жолын қарапайым жұмысшы ретінде бастайды. Өндірістегі еңбек оны төзімділікке, тәртіпке және жауапкершілікке тәрбиеледі.

1984 жылы қайтадан абитуриент атанып, емтихандарды үздік тапсырып, Қазақ химия-технологиялық институтына оқуға қабылданады. Бірақ сол жылдың күзінде Кеңес армиясының қатарына шақырылып, Кострома қаласында екі жыл әскери борышын өтейді. Әскери қызметтен оралғаннан кейін, яғни 1986 жылының күзінде институттағы оқуын жалғастырғанымен, 1987 жылдың қаңтарында оқудан шығып, туған жеріне қайтады.



Лейтенант Құрманбек Сағынбеков

1987 жылғы наурызда Жамбыл қаласындағы Қарттар үйіне бағбан болып жұмысқа орналасады. Бір қарағанда қарапайым еңбек орны болып көрінетін осы мекеме оның бүкіл өмір жолын өзгерткен тағдырлы кезеңге айналды. Қарттар үйінің директоры, отставкадағы милиция подполковнигі Дәулет Тәшекеев жас жігіттің бойындағы жігерді, тәртіптілік пен жауапкершілікті байқап, ішкі істер органдарына қызметке баруға кеңес береді. Оның берген бағыт-бағдары Құрманбек Сағынбекұлының болашақ кәсіби тағдырын айқындады.

Осы оқиғаның өзінен үлкен өмірлік заңдылықты көруге болады: кезінде тәжірибелі офицер жас Құрманбектің қабілетін байқап, құқық қорғау саласына бағыттаса, кейін Құрманбек Сағынбекұлы да көптеген шәкіртінің ғылымға деген талабын танып, олардың кәсіби жолын айқындауға көмектесті. Сол шәкірттердің бірі болғанымды әрдайым мақтан тұтамын.

Сержанттан полиция полковнигіне дейін

1987 жылы Құрманбек Сағынбекұлы Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі Жамбыл облыстық атқару комитетінің Ішкі істер басқармасына сержант болып қабылданды. Қызметтік міндеттерін мінсіз орындап, еңбекқорлығы және кәсіби қабілетімен көзге түсті. Үздік қызметі үшін 1989 жылы КСРО ІІМ Уфа жоғары мектебіне оқуға жіберілді. Емтихандарды үздік тапсырып курсант атанады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы жоғары мектебіне ауысып, 1993 жылы аталған оқу орнын «Құқықтану» мамандығы бойынша ойдағыдай аяқтады. Жолдама бойынша туған өніріне қайтады.

1993-1996 жылдары Жамбыл облысы Ішкі істер басқармасында офицерлік қызметін жалғастырып, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күресу және заңдылықты қамтамасыз ету бағыттарында мол тәжірибе жинақтады. Ал,1996 жылы Қостанай қаласындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Жоғары мектебіне қызметке ауысты. Кейін институт, одан соң академия мәртебесін алған бұл оқу орнында түрлі жауапты қызметтер атқарды, яғни оқытушы, аға оқытушы, үш кафедрасының меңгерушісі, факультет бастығы және Академия бастығының кадр және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына дейін көтерілді. Құрманбек Сағынбекұлы құқық қорғау органдарына мамандар даярлау, курсанттардың бойында отансүйгіштік, тәртіптілік, жауапкершілік және заңға адалдық қасиеттерін қалыптастыру ісіне елеулі үлес қосты. Көп жылғы абыройлы қызметтен кейін, Академия бастығының кадр және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымынан полиция полковнигі арнайы атағымен құрметті зейнет демалысына шықты.

Ол – КСРО ІІМ және Қазақстан Республикасы ІІМ қызметінің үздігі, сондай-ақ басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагері. Әскери қызмет пен ішкі істер органдарындағы жылдар оның қайсар мінезін шыңдап, заң мен тәртіпке деген өмірлік көзқарасын қалыптастырды.

Ұстаз өміріндегі ашылмаған сыр

Әр ұстаздың шәкіртіне бірден айта бермейтін өзіндік сыры болады екен. Мен де бірде Құрманбек Сағынбекұлынан:

– 1987 жылдың қаңтарында институттағы оқуыңыздан неліктен шығып, туған жеріңізге қайтып келдіңіз? – деп сұраған едім.

Ұстазым бұл сұраққа бірден жауап бермей:

– Оны кейін айтармын, – деп қысқа ғана қайырды.

Содан бері оның өмір жолындағы сол шешімнің себебі мен үшін әлі де толық ашылмаған сыр болып келеді. Алайда ұстазымның кейінгі тағдырынан оның қандай қиындыққа тап болса да мойымайтын, өз ұстанымынан оңайлықпен бас тартпайтын қайсар мінезін анық аңғаруға болады.

Соның бір дәлелі – 1989 жылы Уфа қаласында болған оқиға. Ол кезде Құрманбек Сағынбекұлы КСРО Ішкі істер министрлігінің Уфа жоғары мектебінде білім алып жүрген әрі Коммунистік партияның мүшесі болатын. Сол жылдары ол бала кезінен туу туралы куәлігіне жазылған фамилиясын қазақ халқының салт-дәстүріне сәйкес әкесінің атымен байланыстырып өзгертуді мақсат етеді.

Бүгінгі көзқараспен қарағанда, адамның өзінің ұлттық дәстүріне сай аты-жөнін таңдауы табиғи құқығы болып көрінеді. Алайда кеңестік кезеңдегі әкімшілік-саяси тәртіп жағдайында мұндай мәселені шешу оңай болған жоқ. Ұлттық сипаттағы кез келген бастамаға сақтықпен қаралып, кейде оған саяси астар берілетін.

Ұстазым өзінің фамилиясын қазақшалау үшін оқу ордасының партиялық жиналысына да түсті, ары қарай Уфа қалалық атқару комитетінен бастап Башқұрт Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесіне дейінгі түрлі мемлекеттік мекемелердің табалдырығын тоздырған. Бұл күрес бір күн немесе бір ай емес, тоғыз айға жуық уақытқа созылған. Осы аралықта ол көптеген басшылардың қабылдауында болып, өзінің талабы заңды әрі жеке басының ұлттық болмысына қатысты мәселе екенін дәлелдеуге тырысқан. Бірақ оның өтініші қарапайым азаматтық талап ретінде ғана қабылданбай, саяси тұрғыдан да жіті бақылауға алынған.

Ұстазымның айтуынша, сол кезеңде кейбір құқық қорғау органдарының қызметкерлері оған:

– Қазақтарды сағындың ба? Егер сағынсаң, Уфа қаласындағы қазақтармен таныстырамыз, – деген мазмұнда ұсыныстар айтқан.

Сырттай қарағанда бұл сөздер жаңашырлық танытқандай көрінуі мүмкін. Бірақ сол уақыттағы саяси ахуалды ескерсек, жас тыңдаушының ұлттық мәселеге көзқарасын анықтау немесе оны қандай да бір әрекетке итермелеу ниеті болуы ықтимал еді. Құрманбек Сағынбекұлы мұндай сөздердің астарын түсініп, әрбір қадамын асқан сақтықпен жасаған.

Ол кейін сол кезеңді еске алып:

– Егер мен бір жерде қателік жіберсем немесе арандатуға ерсем, мені партия қатарынан шығарып, жоғары оқу орнынан аластатып, тіпті қылмыстық жауаптылыққа тартуға дейін баруы мүмкін еді, – деп айтатын.

Осы сөздердің өзінен сол кездегі жағдайдың қаншалықты күрделі болғанын аңғаруға болады. Бір жағынан, ол болашақ офицер ретінде қатаң тәртіпке бағынуға міндетті еді. Екінші жағынан, өзінің ұлттық болмысы мен әке атына деген құрметін қорғағысы келді. Бұл екі талаптың ортасында жүріп, ол заңдық сауаттылығын, сабырлылығын және азаматтық табандылығын көрсетті.

Тоғыз айға созылған әкімшілік кедергілерге, түрлі күмән мен қысымға қарамастан, ұстазым бұл сыннан абыроймен өтті. Партия қатарында және оқу орнында қалып, білімін одан әрі жалғастырды. Ең бастысы – өз мақсатына адал болып, осы күрделі жағдайдан басын тік көтеріп шықты.

Бұл оқиға мен үшін жай ғана аты-жөнді өзгертуге байланысты өмірбаяндық дерек емес. Ол – адамның өз болмысын, әке аты мен ұлттық дәстүрін қорғауының, сонымен бірге заң шеңберінен шықпай күресе білуінің тағылымды үлгісі.

Бәлкім, Құрманбек Сағынбекұлының бойындағы заңға адалдық, ғылыми табандылық және ұлттық құндылықтарға құрмет дәл осындай өмір сынақтарында шыңдалған болар. Ал 1987 жылдың қаңтарында оқудан кетуінің нақты себебін ұстазымның өзі айтатын күн де келер. Шәкірт ретінде мен ұстазымның сол сырды бөлісуге дайын болатын уақытын құрметпен күтемін.

Қызмет тәжірибесінен ғылым биігіне

Құрманбек Сағынбекұлы құқық қорғау органдарындағы практикалық қызметін ғылыми ізденіспен қатар алып жүрді. Оның зерттеулерінің құндылығы – заң теориясын өмірлік және қызметтік тәжірибемен ұштастыра білуінде.

2005 жылғы 1 маусымда Мәскеу қаласындағы Ресей Федерациясы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі ғылыми-зерттеу институтында заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 2007 жылы Қазақстан Республикасында қайта аттестаттаудан өтіп, заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі ресми түрде бекітілді.

2010 жылдан бастап жоғары заң білімі беру саласында жемісті еңбек етіп келеді. Қазіргі таңда Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің Заң факультетінде доцент ретінде болашақ заңгерлерге білім беруде.

Ұстазымның ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыттары – қылмыстық құқық, криминология және қылмыстық-атқару құқығы. Ол 100-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің, соның ішінде 10 оқу құралының авторы. Оның еңбектерінде қылмыстық саясатты жетілдіру, қылмыстың алдын алу, қылмыстық жазаларды орындау жүйесінің тиімділігін арттыру, заңдылықты нығайту және адам құқықтарын қорғау мәселелері зерделенеді.

Маған ғылымның шынайы мәнін түсіндірген тұлға

Құрманбек Сағынбекұлы менің ғылымға деген көзқарасымды қалыптастырған ұстазым болды. Ол ғылымның дайын пікірлерді қайталау немесе атақ алу құралы емес екенін үнемі түсіндіретін. Ғылым – үздіксіз ізденісті, дәлелді ойды, академиялық адалдықты және қоғам алдындағы жауапкершілікті талап ететін күрделі жол.

Ұстазым маған ғылыми жұмыстың тақырыбын дұрыс таңдауды, зерттеу мәселесін нақты қоюды, құқықтық құбылыстарды жан-жақты талдауды және әрбір тұжырымды дәлелмен негіздеуді үйретті. Ғылыми мақала жазуда оның құрылымына, қолданылатын ұғымдардың дәлдігіне, заңнамалық нормаларды дұрыс талдауға және қорытындының зерттеу нәтижелерінен туындауына ерекше көңіл бөлу керектігін санама сіңірді.

Ол ғылыми мақала жазудың өзіндік ерекшеліктері мен үлкен жауапкершілігі бар екенін үнемі еске салатын. Ғылыми еңбекте артық сөзге, негізсіз болжамға және тексерілмеген дерекке орын болмауға тиіс. Автор зерттеп отырған мәселесін терең білуі, ғылыми әдебиеттер мен заңнаманы терең зерттеп, PhD докторы ғылыми дәрежесіне ие болдым. Қазіргі таңда Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті Заң факультетінің Азаматтық және қылмыстық құқық кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келемін.

Менің бүгінгі ғылыми-педагогикалық және басқарушылық қызметімде ұстазымнан алған тәлімнің орны ерекше. Шәкірт тәрбиелеуде, ғылыми жұмысқа жетекшілік етуде және жас зерттеушілерге бағыт-бағдар беруде оның талапшылдығы мен адамгершілік ұстанымдарын үлгі етуге тырысамын.



Полковник Құрманбек Сағынбеков

Жетістіктің бастауы – отбасы тәрбиесі

Әрбір адамның өмірде жеткен биігінің бастауында отбасы тәрбиесі тұрады. Құрманбек Сағынбекұлының қарапайым ауыл баласынан полиция полковнигіне, заң ғылымдарының кандидаты, Академия бастығының тәрбие және кадр жұмысының орынбасарына дейін, зейнетте университет доцентіне дейінгі өнегелі жолы да, ең алдымен, әке-шешесінің берген тәрбиесімен, ақыл-кеңесімен және өмірлік тәжірибесімен сабақтас.

Ата-анасы оның бойына жастайынан еңбексүйгіштік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, қиындыққа мойымау және бастаған істі соңына дейін жеткізу сияқты асыл қасиеттерді сіңірді. Отбасында алған осы тәлім кейін әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы жауапты жылдарда, ғылыми ізденіс пен ұстаздық қызметте оның берік өмірлік ұстанымына айналды.

Ұстазымның жетістіктері туралы айтқанда, оның өмірлік серігі – жұбайы Ләззат Әшімханқызы Сағынбекованың қолдауы мен отбасындағы орнын ерекше атап өткен жөн.

Адамның қызметтік және ғылыми жолында қуаныштың сәттермен қатар күрделі кезеңдер де кездеседі. Әскери тәртіп, ішкі істер органдарындағы жауапты қызмет, ғылыми диссертация дайындау, ұзақ ізденіс пен ұстаздық еңбек зор төзімділікті талап етеді. Осындай кезеңдерде жанынан табылып, мақсатына түсіністікпен қарап, сенім білдіретін өмірлік серігінің қолдауы айрықша маңызды. Ләззат Әшімханқызы Құрманбек Сағынбекұлының өмір жолындағы сенімді серігі, отбасындағы береке мен тұрақтылықтың ұйытқысы бола білді. Ұстазымның кәсіби және ғылыми жетістіктерінің артында жұбайының түсіністігі, сабырлылығы мен адамгершілік қолдауы тұрғаны сөзсіз.

Халқымыз «Жақсы әйел – ерінің ырысы» деп бекер айтпаған. Отбасының тыныштығы мен жақындарының сенімі адамға жауапты қызмет атқаруға, ғылыми ізденіспен айналысуға және қоғамға пайдалы еңбек етуге күш береді. Осы тұрғыдан алғанда, Құрманбек Сағынбекұлының әрбір жетістігі – оның жеке еңбегінің ғана емес, ата-анасынан алған тәрбиесі мен отбасының қолдауының да жемісі.

Шәкірт ретінде мен ұстазымның бойынан ғылым мен қызметке адалдықты ғана емес, ата-ананың аманатына беріктікті, отбасы алдындағы жауапкершілікті және өмірлік серігіне деген құрметті де көремін. Оның өнегелі жолы адамды биікке білімі мен табандылығы көтерсе, сол биікте берік ұстап тұратын күш – отбасы тәрбиесі мен жақындарының сенімі екенін көрсетеді.

Ғалым мерейтойы – ғылыми ой алаңы

12 қазанда Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде ғалымның мерейтойына арналып «Заң мен тәртіп: құқық үстемдігін қамтамасыз етудің және адам құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткелі отыр. Конференцияның мақсаты – құқық үстемдігін қамтамасыз ету, адам құқықтарын қорғау және жаңа Конституция қағидаларын жүзеге асыру мәселелерін талқылайтын маңызды ғылыми алаң болмақ.

Адам баласы әр өмір сатысында қалана білуі керек Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ойшылы, рухани ұстазы. Оның әрбір сөзі – өмірдің айнасы, адамды ізгілік пен еңбексүйгіштікке шақыратын өсиет. Солардың бірі – терең мағыналы “Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан” деген даналық сөзі. Бұл нақыл адам баласының өмірдегі орнын, мақсатын және қоғам алдындағы борышын айқындап береді.

Абай айтқан “кірпіш” – адамның өзін, ал “қабырға” – өмір мен қоғамды білдіреді. Әр адам сол қоғамның бір бөлшегі, бір кірпіші. Егер сол кірпіш өз орнында мықтап қаланса, қоғам да берік, ел де еңселі болады. Демек, әркім өз орнын тауып, адал еңбегімен, парасатымен қоғамға үлес қосуы қажет. Менің ойымша, адам баласы әр өмір сатысында қалана білуі керек. Өмір бір сәтте емес, сатылы түрде қалыптасады.

Бала бақшада – адам тәрбиенің алғашқы іргетасын қалайды. Бұл кезеңде ол үлкенді сыйлауды, достықты, мейірімділікті үйренеді. Мектепте – білім мен тәртіп арқылы өз ойын қалыптастырады, өмірге деген көзқарасы айқындала бастайды. Бұл – адамдықтың, ізденістің бастауы. Колледжде немесе институтта – мамандық таңдап, өмір жолының бағытын айқындайды. Бұл кезең – өзінің “кетігін” іздеу сәті. Жұмыста – адам тәжірибе жинап, қоғамға нақты пайдасын тигізеді. Еңбек арқылы адам рухани да, материалдық та тұрғыда жетіледі. Отбасында – адам мейірім мен сүйіспеншіліктің, жауапкершіліктің үлгісін көрсетеді. Отбасы – қоғамның кішкентай бейнесі, сондықтан онда қалану – ел іргесін бекітумен тең. Қартайғанда – өмірден жинаған тәжірибесін кейінгі ұрпаққа өнеге етіп қалдырады. Бұл – рухани қалану, із қалдыру кезеңі. Осылайша адам өмірінің әр кезеңі – бір-бірімен байланысқан кірпіштерден тұратын үлкен қабырға іспетті. Егер сол кірпіштердің бірі бос болса немесе орнына дұрыс қаланбаса, бүкіл құрылым әлсірейді. Сондықтан Абайдың бұл өсиеті – тек жеке адамға емес, тұтас ұлтқа арналған өмірлік бағдар.

Қорытындылай келе, Абайдың “кетігін тап” дегені – адамның өз орнын, өз міндетін, өмірлік мақсатын табу. Ал “қалан” дегені – сол орнында берік болу, қоғамға адал қызмет ету. Адам баласы өмірдің әр сатысында өзін таба білсе, ол нағыз “қаланған кірпішке” айналады. Өйткені адам өз орнын тапқан сәтте ғана өмірі мәнді, еңбегі өнегелі болады.

Қарапайым жұмысшыдан полиция полковнигіне, қатардағы сержанттан ішкі істер органдары жоғары оқу орны басшысының орынбасарына, ауыл мектебінің түлегінен заң ғылымдарының кандидаты мен университет доцентіне дейін көтерілген Құрманбек Сағынбекұлының өмір жолы – адал еңбек пен табандылықтың өнегесі.

Алпыс жас – өткен жолды қорытындылайтын ғана емес, жаңа ғылыми мақсаттарға бастайтын мерейлі белес. Осы айтулы сәтте қадірлі ұстазыма зор денсаулық, отбасына амандық, ғылыми және шығармашылық табыс тілеймін. Ұстаздың заң ғылымына қосқан үлесі артып, тәрбиелеген шәкірттерінің жетістігі еселене берсін!

Асхат ГАЗАЕВ,
PhD докторы, криминология саласының маманы, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті Заң факультетінің Азаматтық және қылмыстық құқық кафедрасының меңгерушісі

• ЕҢБЕК АДАМЫ

ҰЛАН ҚУАНДЫҚҰЛЫ – АДАЛ ЕҢБЕК ПЕН КӘСІБИЛІКТІҢ ҮЛГІСІ

Мемлекеттік қызмет – үлкен жауапкершілікті, жоғары кәсібилікті және ел мүддесіне адал қызмет етуді талап ететін маңызды сала. Бұл жолда абыройлы еңбек етіп, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, тәжірибесімен және ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленетін азаматтардың орны ерекше. Солардың бірі – Қазақстан Республикасы Президентінің «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, тәжірибелі маманы Ұлан Қуандықұлы Ахметов.



Ұлан Қуандықұлы еңбек жолын 2007 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының салық комитетінде бастап, содан бері мемлекеттік кірістер саласында абыройлы қызмет атқарып келеді. Осы жылдар ішінде ол кәсіби тәжірибесін шыңдап, салықтық әкімшілендірудің қыр-сырын меңгеріп, түрлі жауапты қызметтерді атқарды. Әрбір қызмет кезеңінде өзіне жүктелген міндеттерді жоғары жауапкершілікпен орындап, іскерлігімен, табандылығымен және талапшылдығымен танылды.

2024 жылдан бастап Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы қызметін атқарып келеді.

Басшы ретінде оның негізгі ұстанымы – заңдылықты сақтау, жұмыстың тиімділігін арттыру және мемлекеттік кірістердің тұрақты түсуін қамтамасыз ету. Осы бағытта басқарма жұмысының жүйелі ұйымдастырылуына, салықтық әкімшілендіру сапасын арттыруға, салық төлеушілермен өзара байланысты нығайтуға және салық мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.

Ұлан Қуандықұлының кәсіби қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – мемлекет пен салық төлеушілер арасындағы өзара сенімді қалыптастыру. Ол салық төлеушілермен жұмыс барысында заң талаптарын түсіндіруге, туындаған мәселелерді заң аясында шешуге және азаматтарға қолайлы жағдай жасауға басымдық береді. Өйткені салық жүйесінің тиімділігі тек бақылау шараларымен ғана емес, азаматтардың заңға деген құрметі мен салықтық жауапкершілігінің артуымен де өлшенеді.

Көпжылдық қызмет барысында жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби біліктілігі оның әріптестері арасында беделге ие болуына негіз болды. Ол ұжымда еңбек тәртібін сақтауға, қызметкерлердің кәсіби әлеуетін дамытуға, өзара сыйластық пен жауапкершілікке негізделген жұмыс ортасын қалыптастыруға мән береді.

Мемлекеттік кірістер саласындағы адал еңбегі, жоғары кәсібилігі және қызметтік міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін Ұлан Қуандықұлы Қазақстан Республикасы Президентінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің «Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі» төсбелгісімен және Құрмет грамотасымен наградталған.

Бұл марапаттар – оның көпжылдық еңбегіне берілген лайықты баға, мемлекеттік қызметке деген адалдығы мен кәсіби жауапкершілігінің айқын көрінісі.

Еңбек жолында табандылықты туетіп, өз ісіне адалдықты басты қағидаға айналдырған азаматтардың өнегесі – жас мамандар үшін үлкен мектеп. Ұлан Қуандықұлының кәсіби жолы да мемлекеттік қызметтің мәні мен маңызын терең түсініп, ел игілігі үшін аянбай еңбек етудің жарқын үлгісі.

Осындай азаматтардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Е. ӨЗБЕКОВ,
Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі

Құрметті салық төлеушілер және жеке тұлғалар! Мен Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманымын. Бүгін бюджетке қате немесе артық төленген салық сомаларын, төлемдерді, баж сомаларын және әкімшілік айыппұлдарды қайтарып алу туралы мәліметтерді қысқаша баяндап өтемін.

САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІ ҚАБЫЛДАУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?

Мемлекеттік қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 қазанда № 37255 болып тіркелген және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 637 бұйрығымен бекітілген нысан (2-қосымша) бойынша салықтық өтініш негізінде жүргізіледі.

Электрондық нысандағы салықтық өтінішті қабылдау ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы және E-salyq Azamat мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.

1. ҚАТЕ ТӨЛЕНГЕН СОМАЛАРДЫ ҚАЙТАРУ:

• Бюджетке төленетін төлемдер уәкілетті органдар тарапынан белгіленеді (құжат рәсімдеу, лицензия алу, баж сомалары және тағы басқалар). Қате төленген сомалар бойынша уәкілетті органдардан қате төленгені туралы анықтама алған соң өтініш жолданады.

• 2-қосымшадағы салық өтінішін толтыру тәртібі: өтініштің беру себебі ретінде **«В»** белгіленеді, төлем жасалған құжаттың нөмірі мен күні толтырылады. Қосымшаға уәкілетті мекемеден алынған анықтама тіркеледі. Өтініш төлем жасалған салық басқармасының **коды** бойынша жолданады.

• Салық төлеушінің тіркелген мекенжайы өзгеріп, салық сомалары қателікпен басқа салық басқармасына төленген жағдайда да 2-қосымшаға салық өтініш беріліп, себебіне **«В» (қате төленген)** белгісі қойылады.

2. АРТЫҚ ТӨЛЕНГЕН СОМАЛАРДЫ ҚАЙТАРУ:

• Салық сомаларына бет есептіктер жүргізіледі. Сондықтан 2-қосымша салық өтінішін толтыру барысында өтініштің беру себебі ретінде **«А» (артық төленген сома / излишне уплаченная сумма)** белгіленеді және бет есептіктер жүргізілген салық басқармасының **коды** бойынша жолданады.



3. ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛДАР МЕН БАСҚА ДА ТӨЛЕМДЕРДІ ҚАЙТАРУ:

• Әкімшілік айыппұлдар, мемлекеттен жер, пәтер жалға алу, оларды сатып алу және сол сияқты мемлекетке төленетін басқа да төлемдерді қайтарып алу тәртібі тиісті мемлекеттік мекемелерге хат жазу арқылы жүзеге асырылады. Солардың қорытындыларына сәйкес қайтарылады, бұған негіз ретінде **68-қосымшаның қорытындысы** болады.

Назарларыңызға рақмет!

Алтынкүл Мұратқызы АРҚАБАЕВА,
Есеп талдау және ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы

САЛЫҚТАРДЫ ДҰРЫС ТӨЛЕУ – САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІ

Қазіргі уақытта салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен айыппұлдарды банк мобильді қосымшалары арқылы төлеу кеңінен қолданылуда. Бұл азаматтар мен кәсіпкерлер үшін ыңғайлы әрі уақытты үнемдейтін мүмкіндік.

Алайда төлем жасау кезінде деректемелерді дұрыс көрсетуге ерекше назар аудару қажет.

Жеке кәсіпкерлер салықтық міндеттемелерін орындау кезінде өздерінің мемлекеттік кірістер органдарында тіркелген орнына сәйкес төлем деректемелерін таңдауы тиіс. Ал жеке тұлғалар салықтарды, оның ішінде мүлік және көлік құралдарына салынатын салықтарды, заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жері бойынша төлеуі қажет.

Банк мобильді қосымшалары арқылы төлем жасағанда нені ескеру керек?

Салықтарды, өсімпұлдар мен айыппұлдарды төлеу кезінде төмендегі мәліметтердің дұрыстығын тексеру маңызды:

- салық төлеушінің ЖСН немесе БСН нөмірі;
- төлем түріне сәйкес бюджеттік сыныптама коды (КБК);
- төлемді тағайындау коды (КНП);
- төлем сомасы;
- төлем кезеңі мен төлем мақсаты;
- бюджетке төлемнің тиісті деректемелері.

Сонымен қатар, салық төлеушілер салық төлемдері, өсімпұлдар және әкімшілік айыппұлдар үшін төлемнің тиісті кодтарын дұрыс таңдауы қажет. Мысалы, КНП 911 - салықтар мен басқа да міндетті төлемдерге, 912 - өсімпұлдарға, 913 - айыппұлдарға қолданылады.

Төлемді растамас бұрын барлық деректемелерді мұқият тексеріп, электрондық чекті сақтап қою ұсынылады.

Құрметті салық төлеушілер!

Төлем деректемелерін дұрыс толтыру қаражаттың тиісті бюджетке және салық төлеушінің жеке шотына уақтылы есептелуіне мүмкіндік береді. Бұл қате төлемдердің, артық төлемдердің және негізсіз салық берешегінің туындауының алдын алады.

Салық міндеттемелерін уақытылы әрі дұрыс орындау - әрбір салық төлеушінің жауапкершілігі.

Э. А. ХАСАНХАНОВА,
Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умерла **Устаубаева Айдин**, дата смерти: 19 июня 2015 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Кульбабаева Адия Абдуллаевна**, дата смерти: 09 января 2019 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті 2026-2027 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің бос қызмет орындарына

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ:

(Лицензия: №KZ87LAA00015319)

Бакалавриат:
6В01110 - «Педагогика және психология»
6В01210-«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
6В01310 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
6В01420-«Музыкалық білім»
6В01440- «Дене шынықтыру және спорт
6В01508-« Математика»
6В01521- «Математика-Физика»
6В01509-«Информатика»
6В01540-«Химия»
6В01545-«Химия-Биология»
6В01550-«Биология»
6В01560-«География»
6В01610- «Тарих»
6В01710- «Қазақ тілі және әдебиеті»
6В01720-«Орыс тілі және әдебиеті»
6В01730- «Шетел тілі: екі шет тілі»
6В01910-«Дефектология»
6В02110-«Дизайн»
6В04110-«Экономика»
6В04120-«Менеджмент»
6В04130-«Есеп және аудит»
6В04140-«Қаржы»
6В04150-«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
6В04160-«Маркетинг»
6В04210 -«Құқықтану»
6В06126- «Информатика»
6В06138- «Ақпараттық жүйелер»
6В06130-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
6В06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
6В07110-«Электр энергетикасы»
6В07120-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»
6В07310-«Сәулет»
6В07320- «Құрылыс»
6В07323-«Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі»

Магистратура:
7М01101-«Педагогика және психология»
7М01514-«Математика»
7М01520-«Информатика»
7М01540-«Биология»
7М01512-«География»
7М01610-«Тарих»
7М01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті»
7М01720-«Шетел тілі:екі шет тілі»
7М04140-«Есеп және аудит»
7М04209-«Құқықтану»
7М06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
7М07112-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»

Докторантура:
8D01110-«Педагогика және психология»
8D01540-«Химия»
8D01550-«Биология»

Қызметкерлер:
- Университеттің Стратегиялық жоспарлау және дамыту жөніндегі проректоры
– Факультет деканы
– Оқу-әдістемелік басқарманың бастығы, әдіскерлері
– кітапханашы
- СМК маманы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім бастығы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім маманы
- Кафедра меңгерушісі
– маркетинг және кәсіптік бағдар беру бөлімінің бастығы
– Тіркеу бөлімі (офис-регистратура) мамандары
– Әдістемелік кабинет секторының меңгерушісі
– Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі бастығы, әдіскерлері

Қызметкерлерге қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.

Біліктілікке қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес тәжірибесі бар
-ғылым кандидаттары, ғылым докторлары
-аға оқытушылар.
-оқытушылар
- PhD

Профессор-оқытушыларға қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Жалақы келісім бойынша. Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.
Байланыс телефоны: 8 (7252) 95-25-98.
e-mail: otdelkadrov.kipudn@mail.ru

Әділет
zhangyru@mail.ru

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС

Төраға:
Қуанышбек БОТАБЕК

Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*

Ержан УӘЙІС
ТҮРКСОЙ Бас хатшысының кеңесшісі *(Түркия)*

Балжан АРИНОВА
(Астана қаласы мен Ақмола облысы)

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 663 50 55
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).*
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 2416.



Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН,
Қазақстанның Бас редакторлар клубының бірінші вице-президенті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

БАЗАРГҮЛ ТУРАЛЫ ОЙЛАҒАНДА дана халқымыздың бір нақылы еске түсіп отырғаны: «Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек; жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек». Рас, мұны оқыған жанның көкейіне: «бұл азаматқа қатысты айтылған болар» деген ой келіп қалары хақ. Келісемін. Алайда, бұл нақылда тек ер азамат туралы тұжырым шектеліп берілмегені анық. Яғни, «адамның да адамы бар – ірілері бір бөлек» дегенге сайса керек.
Айтпағым, сол бітімі бөлектердің арасындағы бір ірісі – Базаргүл Үмбетова. Бірден мақтаумен бастау ыңғайсыздау болуы мүмкін. Несі бар, атам қазақ: «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» дегенді не үшін мұра етіп қалдырды. Хош, әңгімені әріден бастайын.

Талантымен таңдандырған тағдырлас

немесе қазақ журналистикасындағы қайталанбас тұлға

ТҰЛЫМШАҒЫ ЖЕЛБІРЕГЕН ЖЫРШЫ ҚЫЗ

Ауылда өсті. Қарапайым отбасында тәрбиеленді. Әкесі Сейітжан мен Бидаш анамыз оның оқуға құштарлығын қолдап отырды. Қалаған кітабын әперді. Нағашы атасының «Батырлар жыры» деген дәкөй қоңыр кітабын басына жастап жатып оқыды. Мектепке әлі бармаған зерек қыз ондағы 5-6 қиссаны жаттап алды. Арасында «шабыты» келгенде: ««Тайбурыл сонда сөйлейді, сөйлегенде бүй деді...» деп жатқа айтып, мәнерлей әндететін қайтерсің.

Жалпы, журналист қауымында бірбіріне ұқсастық жиі болатын феномен бар. Әдетте бәріміз мектептегі кезден бастап кітап «мүжиміз». Аудандық, облыстық, кейде республикалық газеттерде өлең, мақалаларымыз шығып жатады. Бұл – қалыпты, қалыптасқан жағдай. «Болар бала...» деп келетін мәтелді еске алыңыз. Қазақ журналистикасында мүйізі қарағайдай болған жүздеген қаламгердің өмірбаянынан осындай жолдарды ұшырастыру қиын емес.

Алайда тым жақын ұқсастықтар сирек. Базаргүлдің екеуіміздің тағдырымыздың **бір ұқсастығы** осында. Мектепке бармай тұрғанда әкем Балқыбек Аягөздің дүкендерін талмай аралап жүріп, «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырлары жазылған пластинкаларды әкеліп, «осыларды тыңдап, жаттап алыңдар» деп «оқыс» тапсырма бергені есімде. Арада көп уақыт өтпей өзімнен бір жас үлкен Камалхан апайым екеуіміз жарыса тыңдап жаттап алғанбыз. Кейіннен үйге қонақтар көп келгенде әкем екеуімізді «сахнаға» шақырып, ет пен шайдың арасында бізге жатқа айтқызатын.

КІТАП « КЕМІРУ», ТҰҢҒЫШ ТУЫНДЫ

Екінші ұқсастық. Кітап оқу бар да, оны КӨП ОҚУ бар. Базаргүлдің өмірбаянына үңілсек, ол өзі оқыған мектептің кітапханасындағы көп кітапты оқып тастапты. Базаргүлдің бір сұхбатындағы жауабынан мынадай жолды оқыдық: «*...Кейін үйде жоқ кітаптарды кітапханадан алып оқитын болдым. Сол кезде бір аптаға екі-ақ кітап беретін. Менің оларды алысымен күні-түні оқып бітіріп, бір апта өтпей апарып тұрғанымды көргенде кітапханашы: «Сен мына түріңмен аз уақытта барлық кітаптарды оқып бітіретін шығарсың» деп ренжитін*.» Бұған не дейсіз?

Үшінші ұқсастық. Екеуіміз де бала күнімізден «қалам құшақтап, тыпырлаппыз». Базаргүлдің шығармашылыққа талпынысы өте ерте басталыпты. Сонау сексенінші жылдардың басында Теректідегі орта мектептің оқушысы - кішкентай қыздың тырнақалды туындысы – шағын көркем әңгімесі облыстық «Жезқазған туы» газетінде жарияланған. Классикалық журналистикаға кірпияздықпен қарап, «жеті өлшеп, бір пішетін» қаламгерлер отыратын ондай салмақты басылымға жүрегінің түгі бар біреу болмаса, көлденең көк атты яки жас қаламгердің өзі көркем әңгімесін жіберуге жүрексінетін кез еді ғой. Ал жазу өнеріне «ғашық болған» өжет қыз бағын сынауға батылы барған. Нәтижесінде тұңғыш туындысы кесіп-өндеусіз салиқалы басылымда тоқтаусыз жарияланған.

Осы жолдардың авторының – сол кездегі 7-ші сынып оқушысының да тырнақалды «Күн суреті» атты өлеңі республикалық «Қазақстан пионері» газетінде жарияланып, шығармашылық талабына қанат бітіргені бар.

АСТАНАДА ҚАЛМАЙ АЙМАҚҚА АТТАНЫС

Төртінші ұқсастық. Екеуіміз де журналистік жолды таңдап, сол кездегі С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) мемлекеттік университеттің журналистика факультетіне мектепті бітіре салып түсіппіз. Ерекше атап айтарлық жайт, ол заманда бүкіл елімізде жалғыз-ақ журналистика факультеті болды. Ал оған мектептен кейін бірден түсу өте қиын болатын. Сол кездегі оқу ордасы басшылығы жұмыс істеп, тәжірибе жинақтаған абитуриенттердің оқуға түсуіне басымдық беретін еді. Ал Базаргүл «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей осы мәртебелі жоғары оқу орнына жоғары баллмен бірден түсуі де көп жайттан хабар берсе керек. Бұл жолдардың авторы да сонау түкпірдегі ауыл мектебін бітіріп, мыңдаған талапкерлердің арманы болған осы «жалынан сипатпайтын» факультетке мектеп бітірісімен түскен еді.

Бесінші ұқсастық. Шабыты жалын атып тұрған шығармашыл қыз сол заманда республикалық бір басылымға яки телеарнаға барып, жұмыс істеу ниетін білдірсе оны ешкім бетінен қақпас еді. Алайда ол ел астанасы Алматыда қалуға асықпады. Анасы мен бауырларының қамын ойлап, журфакты сырттай оқыды. Туғандарына жақыннан қамқорлық жасайын деген ниетпен туған жеріне келіп, Жезқазғанның облыстық телерадиокомпаниясына қызметке орналасты. Сөйтіп табандап отырып, 1984-1997 жылдар аралығында Жезқазған облыстық телевизия және радио хабарларын тарату комитетінде тілші, редактор, бөлім меңгерушісі болып абыроймен қызмет етті.

Бұл жағынан да Базаргүл қарындасыммен тағдыр тоқайластығымыз бар. 1986 жылы КазГУ-ді бітіргенде маған 2 ұсыныс түсті: бірі – республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінен, екіншісі ғылыми жетекшім профессор Тауман Амандосовтың ұсынысымен университетіміздің аспирантурасында қалу. Алайда қазақтың біртуар тұлғасы, жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбек пен Целиноград облыстық газеті редакторының бірінші орынбасары Жомарт Әбдіхалықов ағаларымыздың шақыру-қолқалауымен барлық жоспарым күрт өзгеріп, ару Алматыда қалмай, облыстық «Коммунизм нұры» газетіне қызметке тұрдым. Бір қызығы екеуіміз де кейіннен ел астанасына айналған елордада бас қостық. Бас қаланың журналистері қатарында, ол Қазақстан телекорпорациясында мен «Егемен Қазақстан» газетінде жауапты қызметтер атқардық. Кейіннен құрдас, әріптестеріміз былай деп әзілдеп жүрді: «Астанада бірден қалмасаң да, ол сені өзі іздеп келді». Бұған ұқсас сөздерді құрбылары Базаргүлге де аз айтпаған болар.

МЕДИАКЕҢІСТІКТІ СІЛКІНТКЕН « МЕН - ҚАЗАҚПЫН»

Алтыншы ұқсастық. Екеуіміз де қазақ журналистикасында оқырман, тыңдармандарымыз айта жүрер қадамдар жасаппыз. Алдымен мерейтой иесінің алымды адымдарына тоқталайын.

Жалпы, журналистің атақ-даңқы жазған, жариялаған дүниелерінің санымен емес, сапасымен, ұлтқа қаншалықты қажеттігімен бағаланатынын уақыт көрсетіп келеді. Шығармашылық қуаты, шеберлігі кітап оқу мен ұлттық салт-дәстүрлерді терең игеруден бастау



алатын қаламгерлік туындыгерлік талант екінің бірінің маңдайына жазылмаған.

Осы тұрғыдан келсек, Базаргүл талмай ізденісі мен терең білімінің арқасында қазақ журналистикасында жасындай жарқылдады деуге толық негіз бар. Бұл жәй мақтау үшін айтылған сөз емес. Оның «Мен - қазақпын» ақпарат-танымдық, ойын-сауықтық бағдарламасының авторы әрі жетекшісі ретіндегі қыруар шығармашылық еңбегі қазақ радиожурналистикасында АЛТЫН ӘРІПТЕРМЕН жазылып қалғаны айдан анық. Әрі бұл айтуға оңай болғанмен ар жағында ұйқысыз түндер мен қарбалас күндердің жемісі.

Базаргүл әу бастан Қазақ радиосындағы ұлттық құндылықтар хақында беріліп жүрген түрлі бағдарламалардың басын қосып, бір идеяға қызмет еткізіп, оны салиқалы «Қазақ» радиосы мен жас «Астана» радиосы бағдарламаларының синтезінен жаңаша, рух көтеретін сипатта беруді мұқият ойластырған. Алғашқыда «Атамекен» бағдарламасымен басталып, екінші күні

«Ұлттық мүдде» тақырыбы аясында алаш ардақтыларын насихаттайтын «Бұл қай қазақ» радио ойынына ұласқан. Сәрсенбінің сәтінде отаншылдық рух пен спорттық мәселелер жан-жақты қамтылған бағдарлама эфирге шықса, бейсенбі күні мемлекеттік тіл туралы тебіреністі ой-толғаулар тыңдармандарға ұсынылды. Ал жұма күнгі эфирде бастапқыда «Дінтану» ойыны ойналса, жүре келе оның ауқымы кеңейтіліп, қазақ халқының дүниетанымына қатысты өзекті мәселелер батыл көтерілді. Сөйтіп аптаның бес күнінде үздіксіз берілген бағдарламалар циклының даңқы Қазақстанда аспандай көтерілді. Ұлттық рух пен ділді тереңнен саралаған хабарлар қалың тыңдарманның шынайы ризашылығына бөленіп қана қоймай, шығармашылық ұжым «Шабыт» Халықаралық фестивалінің Бас жүлдесін, ҚР Президентінің Алғысымен марапатталды. «Тілге құрмет – елге құрмет» атты республикалық байқаудың бас жүлдесіне ие болды. Әрине мұның бәрінде Базаргүлдің ұшан-теңіз еңбегінің іздері сайрап жатыр. Қазіргідей конвергентті журналистика дүркірей дамыған заманда соның бастауында тұру деген үлкен жетістік. Сондықтан «Мен – Қазақпын» бағдарламасын жай ғана ақпараттық-танымдық радио хабар ретінде емес, ұлттық сананы қалыптастыруға, тарихи жадты жаңғыртуға, қазақтың рухани мұрасын насихаттауға қызмет еткен маңызды журналистік жоба ретінде жоғары бағалаудың жөні бар.

Кейде бір ғана сөздің астарында тұтас бір халықтың тарихы, тағдыры, арманы мен аманаты жатады. «Мен – Қазақпын!» деген үш сөз де сондай мағынаға ие. Бұл – адамның өзінің қай ұлтқа жататынын білдіретін қарапайым мәлімдеме ғана емес. Бұл – тарихи тамырын тану, ата-баба мұрасын ардақтау, туған жеріне деген сүйіспеншілігін сезіну, ұлттық болмысына мақтанышпен қарау. Бұл – ұлттың өзін-өзі тануы, өзіне деген құрметі, рухани тұтастығы.

Осы терең мағынаны журналистік шығармашылықтың өзегіне айналдырып, оны радио эфирі арқылы тыңдарманға жеткізген жобалардың бірі – Базаркүл Үмбетованың авторлығымен дүниеге келген «Мен – Қазақпын» бағдарламасы.

Бағдарламаның атауының өзі үлкен идеялық жүк арқалайды. Мұнда ұлтты ұлықтау бар, тарихты тану бар, ұлттық намыс пен азаматтық жауапкершілік бар. Ең бастысы, қазақ болмысына сырт көзбен қарамай, оны өз ішімізден танып-білуге шақыратын терең ой жатыр.

Радио журналистикасында тыңдарман назарын аудару үшін тақырыптың тартымды болуы маңызды. Бірақ ұзақ жылдар бойы тыңдарман ықыласын сақтап қалу үшін тақырыптың тартымдылығы жеткіліксіз. Ол үшін мазмұндық тереңдік, авторлық ұстаным, тұрақты ізденіс және қоғамға қажетті идея болуы керек. «Мен – Қазақпын» бағдарламасының ерекшелігі де осында. Ол белгілі бір кезеңнің науқандық талабына орай дүниеге келген жоба емес, ұлттық дүниетанымды жүйелі түрде насихаттауды мақсат еткен тұрақты шығармашылық бастама ретінде қалыптасты.

«Мен – Қазақпын» бағдарламасының идеялық негізінде бір маңызды ұстаным жатты: қазақты қазақтың өзіне таныту, ұлттың тарихи санасын ояту, кейінгі ұрпаққа ата-бабадан жеткен рухани мұраны насихаттау. Бағдарлама авторлары өздерінің шығармашылық мақсатын қазақтың атажұрты, ұлттық мүддесі, ерлігі мен елдігі, мемлекеттік тілі және дүниетанымы туралы баян ету деп белгілеген. Бұл ұстаным жобаның мазмұндық бағытын айқындап қана қоймай, оның тақырыптық ауқымын да кеңейткен.

Шын мәнінде, ұлтты сүю дегеніміз – оны құр мақтау емес. Оның тарихын білу, жетістігі мен кемшілігін түсіну, мәдениетін құрметтеу, тілін сақтау, дәстүрін жалғастыру. Қазақтың кім екенін айту үшін оның қандай тарихи кезеңдерден өткенін, қандай тұлғаларды дүниеге әкелгенін, қандай рухани құндылықтарды қалыптастырғанын көрсету қажет.

«Мен – Қазақпын» бағдарламасы осы мәселелерді әр қырынан қозғауға ұмтылды. Туған жер, атамекен, тарихи жады, ұлттық дүниетаным, бәсекеге қабілеттілік, құқықтық сауаттылық сияқты тақырыптардың қамтылуы жобаның бір ғана тарихи немесе этнографиялық бағытпен шектелмегенін аңғартады. Бағдарлама ұлттық болмысты өткеннің естелігі ретінде емес, бүгінгі қоғамның өмір сүруіне, дамуына, болашаққа бағдар алуына қажетті рухани негіз ретінде қарастырды.

Ал **ұқсастығымыз** дегенде айтпағым, Базаргүл екеуіміз де ұлтшылдық сипатымызбен ұшырасып жатады екенбіз. Тұрғындарының 85 пайызы орыстар болып саналатын облысқа жаңадан келіп, қазақ тіліне менсінбей қарайтындарға қарсы шығып, обкомның ресми басылымында «Маңдайшалардағы қойыртпақтар» деген өткір мақала жариялау арқылы орыс басшыларға ашық қарсы шығу ол кезде (1986 жыл) арыстанның аузына басыңды қоюмен бірдей еді. Сондай-ақ 25 жастағы қазақ депутат жігіт Целиноград қалалық Советіндегі 80 пайыз орыстілді депутаттарға қарсы шығып, республикалық «Социалистік Қазақстанда» «Ақмола үшін айқас» атты мақала жазуы, оған оқырмандардан 2500-ден астам қолдау хат алу да айтуға оңай, қазір. Байқап отырсам Базаргүл екеуіміз де басымызды бәйгеге тігіп, ұлт мүддесі, қазақ тілінің қамы үшін хал-қадерімізше ашық айқасқа түсіппіз-ау.

ТЕРЕКТІДЕН ТҮЛЕГЕН ТАЛАНТТЫҢ «ТАУЫ»

Бүгінде ТЕРЕКТІДЕН ТҮЛЕГЕН ТАЛАНТТЫҢ есімі елімізге кеңінен танымал. Оның журналистикада ШЫҚҚАН ТАУЫ БИІК. Өзгеге ұқсамайтын креативті қаламгер, ұшқыр журналистің қыруар еңбегі әділ бағасын алып келді. «ULYTAU» облыстық телерадиокомпаниясының креативті директоры Базаргүл Сейітжанқызы Үмбетова досымыз медиа саласындағы тамаша жетістіктері үшін ҚР Президентінің Алғысына 4 рет ие болып, К.Шалабаев атындағы ҚР Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты атанды. Астана қаласы әкімінің «Алтын қалам» жүлдесінің иегері, Қазақ радиосының үздігі, ҚР Ақпарат саласының үздігі атанып, ҚР Бас редакторлар клубының «Қазақстанның үздік редакторы» медалімен марапатталды. Ұлытау облысының Құрмет Грамотасымен марапатталып, осы облыстың әкімінің «Ұлар» сыйлығының «Жылдың үздік шығармашылық жұмысы» аталымы бойынша жүлдегер атанды. Телерадиожурналистика саласындағы ұзақ жылдар бойғы жемісті еңбегі үшін 2024 жылы Президент Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Қазақстанның Құрметті журналисі атағына ие болып, арнайы медалінің төсіне тағылуы оның кәсіби шеберлігіне берілген жоғары баға.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫҢ ШЫҢҒА ШАРЫҚТАСЫН, «ТЕРЕКТІДЕН» ТҮЛЕГЕН ТАЛАНТТЫ ТАҒДЫРЛАС!